2020 жылғы мамырда Топ құрылыс компаниясы «РАМС Казахстан» ЖШС-мен жалпы құны 20,051 млн теңге болатын көпфункционалды тұрғын үй кешенін салуға арналған жер телімдерін сату жөнінде бірлескен ынтымақтастық туралы шарт жасасты. Шарттың талаптарына сәйкес жер телімдерінің төлемі ақшалай емес нысанда, тұрғын үй кешенінің тұрғын және тұрғын емес жайларының бір бөлігін Топтың меншігіне беру арқылы жүргізіледі. Ақшалай емес өтем сатылатын күнгі әділ құны бойынша бағаланды. 2023 жылғы 13 желтоқсанда «РАМС-Қазақстан» ЖШС нысанды пайдалануға қабылдау актіге қол қойылды. 2024–2025 жылдары Топ бірлескен ынтымақтастық туралы шарт бойынша дебиторлық берешектің жалпы сомасынан 7,279 млн теңге сомасындағы мүлікті баланста таныды. 2026 жылғы қаңтарда және сәуірде Топ тиісінше 7,334 млн теңге және 5,451 млн теңге сомасындағы мүлікті баланста таныды. 2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша «РАМС-Казахстан» ЖШС-нен бірлескен ынтымақтастық туралы шарт бойынша дебиторлық берешек жоқ.

2023 жыл ішінде Топ құрылыс компанияларымен жалпы құны 3,025 млн теңге, 3,130 млн теңге және тиісінше 2,000 млн теңге болатын жапсарлас жайлары мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу үшін жер учаскелерін сатуға бірлескен ынтымақтастық туралы шарт жасасты. Шарттың талаптарына сәйкес жер телімдерінің төлемі ақшалай емес нысанда, көппәтерлі тұрғын үй кешенінің тұрғын және тұрғын емес жайларының бір бөлігін Топтың меншігіне беру арқылы жүргізіледі. Ақшалай емес өтем сатылатын күнгі әділ құны бойынша бағаланды.

2025 жылғы сәуірде Топ үшінші тараппен жалпы құны 3 163 млн теңге (аудит жүргізілмеген) болатын көппәтерлі тұрғын үй кешенін салуға арналған жер телімдерін сату туралы шарттар жасасты. Шарттың талаптарына сәйкес жер телімдерінің төлемі ақшалай емес нысанда, көппәтерлі тұрғын үй кешенінің тұрғын және тұрғын емес жайларының бір бөлігін Топтың меншігіне беру арқылы жүргізіледі. Ақшалай емес өтем сатылатын күнгі әділ құны бойынша бағаланды.

Алынған қамсыздандыру

Алынып қойылған қамсыздандырудың құрамына Топ құнсызданған несиелер бойынша өзінің міндеттемелерінің орнына қабылдаған жылжымайтын мүлік түріндегі қамсыздандыру кіреді. Осы активтер бастапқыда әділ құны бойынша есепке алынады және кейін сатуға арналған шығысты есептен шығарғандағы әділ құны мен баланстық құнының қайсысы аз болса, сол бойынша есепке алынады. Топтың саясаты аталған активтерді барынша қысқа мерзімде сатуды көздейді.

2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша әділ құнды айқындау кезінде ұқсас жылжымайтын мүлікпен жасалған соңғы мәмілелердің бағаларын көрсететін салыстырмалы тәсіл қолданылды.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны ұқсас жылжымайтын мүлікпен жасалған соңғы мәмілелердің бағаларын көрсететін нарықтық салыстырмалы тәсіл негізінде айқындалды және 2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша тиісінше 11,567 млн теңгені (аудит жүргізілмеген) және 14,889 млн теңгені құрады.

Инвестициялық меншіктің әділ құны әділ құн сатысының 3-сатысына жатады.

Жалға беруден түскен кірістердің құрамына енгізілген инвестициялық жылжымайтын мүліктен түскен кіріс 2026 және 2025 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде тиісінше 1,736 млн теңгені (аудит жүргізілмеген) және 1,948 млн теңгені (аудит жүргізілмеген) құрады. Топ 2026 және 2025 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде жалға беру кірісін алған инвестициялық жылжымайтын мүлікке байланысты операциялық шығыстар тиісінше 923 млн теңгені (аудит жүргізілмеген) және 952 млн теңгені (аудит жүргізілмеген) құрады.

20. БАНКТЕРДІҢ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫ МЕН НЕСИЕСІ

	Номиналды пайыздық мөлшерлеме, %	2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	Номиналды пайыздық мөлшерлеме, %	2025 жылғы 31 желтоқсан
Банктер мен қаржы ұйымдарынан алынған ұзақмерзімді несие	1.0-12.5	162,410	1.0-12.5	160,012
Халықаралық кредиттік ұйымдардан алынған қарыздар	13.1-19.2	104,657	13.1-18.1	67,244
Банктердің корреспонденттік шоттары		96,704		142,160
Басқа қарыздар		10		10
Жинақталған пайыздық шығыс		3,292		2,615
		367,073		**372,041**
Кері РЕПО келісімдері бойынша алынған несиелер	2.5-16.8	46,996	2.8-17.2	27,930
		414,069		**399,971**

Банктер мен қаржы ұйымдарынан алынған ұзақмерзімді қарыздар «ДАМУ» КДҚ» АҚ-тан, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тан (бұдан әрі – «АКК» АҚ), «ҚДБ» АҚ-тан және «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-тан (бұдан әрі – «ӨДҚ» АҚ) алынған ұзақмерзімді қарыздан тұрады, олардың сомасы тиісінше: жылдық 1.0%-12.5% мөлшерлемемен, 2026-2035 жылдары өтеу мерзімімен 97,364 млн теңгені (аудит жүргізілмеген); жылдық 1.5% мөлшерлемемен, 2026-2040 жылдары өтеу мерзімімен 33,331 млн теңгені (аудит жүргізілмеген); жылдық 1.0%-2.0% мөлшерлемемен, 2034-2037 жылдары өтеу мерзімімен 19,556 млн теңгені (аудит жүргізілмеген); жылдық 1.0% мөлшерлемемен, 2030 жылы өтеу мерзімімен 12,159 млн теңгені (аудит жүргізілмеген) құрайды (2025 жылғы 31 желтоқсанда: сәйкесінше 99,313 млн теңге, 26,441 млн теңге, 19,703 млн теңге және 14,555 млн теңге).

2026 және 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ белгіленген өтеу кестесіне сәйкес негізгі борыш пен сыйақы төлемдерін жүргізді.

2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «ДАМУ» КДҚ» АҚ-тан ұзақмерзімді қарыз бойынша қосымша транштар алған жоқ. 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «Даму» КДҚ» АҚ-тан 5,744 млн теңге (аудит жүргізілмеген) сомасында, жылдық 2.0%-12.0% мөлшерлемемен, өтеу мерзімі 2040 жылы болатын ұзақмерзімді несие алды. Несие түпкілікті қарыз алушыларды бұдан әрі қаржыландыру үшін алынған.

2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «Даму» КДҚ» АҚ-тан алынған несие бойынша 1,160 млн теңге (аудит жүргізілмеген) сомасындағы, жылдық 1.0%-8.8% мөлшерлемемен негізгі борышты өтеді. 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «Даму» КДҚ» АҚ-тан алынған несие бойынша 917 млн теңге (аудит жүргізілмеген) сомасындағы, жылдық 1.0%-12.0% мөлшерлемемен негізгі борышты өтеді.

2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша «Даму» КДҚ» АҚ-тан алынған несие 11,107 млн теңге (аудит жүргізілмеген) сомасындағы борыштық бағалы қағаздармен қамтамасыз етілген (2025 жылғы 31 желтоқсан: 10,664 млн теңге) (16-ескертпе).

2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «АКК» АҚ-тан 21,150 млн теңге (аудит жүргізілмеген) сомасында , жылдық 1.5% мөлшерлемемен, өтеу мерзімі 2027 жылы болатын ұзақмерзімді несие алды. Несие түпкілікті қарыз алушыларды көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін одан әрі қаржыландыру мақсатында алынды.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «АКК» АҚ-тан жылдық 1.5% мөлшерлемемен, 2026 жылы өтеу мерзімімен 11,922 млн теңге ұзақмерзімді несие алды (аудит жүргізілмеген). Несие түпкілікті қарыз алушыларды көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін одан әрі қаржыландыру мақсатында алынды.

2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «АКК» АҚ-тан алынған жылдық 1.5% мөлшерлемедегі қарыз бойынша 14,260 млн теңге (аудит жүргізілмеген) негізгі борышты өтеді. 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «АКК» АҚ-тан алынған жылдық 1.5% мөлшерлемедегі қарыз бойынша 4,479 млн теңге (аудит жүргізілмеген) негізгі борышты өтеді.

2026 және 2025 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде Топ «ҚДБ» АҚ-тан ұзақмерзімді қарыз бойынша қосымша транштар алған жоқ.

2026 және 2025 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде Топ «ҚДБ» АҚ-тан алынған қарыз бойынша негізгі борышты тиісінше жылдық 1% мөлшерлемемен 147 млн теңге және жылдық 1% мөлшерлемемен 147 млн теңге (аудит жүргізілмеген) сомасында өтеді.

«ҚДБ» АҚ-тан алынған қарыздар өңдеу өнеркәсібі секторында қызметін жүзеге асыратын ірі кәсіпкерлік субъектілерін (бұдан әрі – «ІКС») одан әрі қаржыландыруға және Қазақстанда өндірілген жеңіл автокөліктерді сатып алушы жеке тұлғаларды кейіннен кредиттеуге арналған.

2026 және 2025 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде Топ «ӨДҚ» АҚ-тан ұзақмерзімді қарыздар бойынша қосымша транштар алған жоқ.

2026 және 2025 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде Топ «КДҚ» АҚ-тан алынған жылдық 1.0% мөлшерлемедегі қарыз бойынша негізгі борышты тиісінше 2,397 млн теңге және 915 млн теңге (аудит жүргізілмеген) сомасында өтеді.

2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша «КДҚ» АҚ-тан алынған қарыз 8,932 млн теңге (аудит жүргізілмеген) борыштық бағалы қағаздармен қамтамасыз етілген (2025 жылғы 31 желтоқсанда: 8,882 млн теңге) (16-ескертпе).

Топ банктер мен қаржы ұйымдарынан алынған ұзақмерзімді қарыздардың талаптарын орындау жөніндегі белгілі бір талаптарды (ковенанттарды) сақтауға тиіс. Аталған ковенанттар ҚРҰБ-ның пруденциялдық нормативтерін сақтауды, Банктің халықаралық кредиттік рейтингін белгіленген деңгейде ұстап тұруды, өтімділік коэффициенттерінің белгіленген деңгейін және капиталдың тиісті деңгейін сақтауды, сондай-ақ өзге де талаптарды қамтиды. 2026 жылғы 30 маусымдағы (аудит жүргізілмеген) және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топ аталған талаптарды бұзған жоқ.

Кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы (бұдан әрі – «Бағдарлама») аясында алынған қаражат

«ДАМУ КДҚ» АҚ-тан алынған несиелер Үкімет бекіткен белгілі бір салалардың шағын және орта кәсіпкерлік (бұдан әрі – «ШОК») субъектілерін қаржыландыру бағдарламасына сәйкес алынды. «ДАМУ КДҚ» АҚ пен Топ арасында жасалған кредиттік келісімге сәйкес Топ Бағдарламаға қатысуға құқығы бар ШОК субъектілеріне маржасы 4% мөлшерлемемен және 10 жылдан аспайтын өтеу мерзімімен қарыз береді. Топтың «ДАМУ КДҚ» АҚ-қа несиені төлеу міндеттемелері ШОК субъектілеріне берілген несиелердің қайтарылуына байланысты емес. Топ «ДАМУ КДҚ» АҚ-тан ақша қаражатын алғаннан кейін 3-9 ай ішінде қарыздың игерілмеген сомасының 15%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

Топ басшылығы жылдық 1.0%-12.0% мөлшерлемемен «ДАМУ КДҚ» АҚ-тан, «ҚДБ» АҚ-тан, «КДҚ» АҚ-тан және «АКК» АҚ-тан алынған қаржы құралдарын, осы тәріздес несиелерді болмайды және автокредит беру аясында қарыз алушылардың – ІКС және ШОК субъектілерінің қызметінің ерекшеліктеріне байланысты аталған өнім жеке нарық ретінде қарастырылады деп есептейді. Осылайша, «ДАМУ КДҚ» АҚ-тан, «ҚДБ» АҚ-тан, «КДҚ»АҚ-тан және «АКК» АҚ-тан жылдық 1.0%-12.0% мөлшерлемемен алынған несие жеке нарықта жүргізілген операциялар болып табылады және сәйкесінше танылған күнгі әділ құнымен есепке алынған.

Халықаралық кредиттік ұйымдардан алынған қарыз

Халықаралық кредиттік ұйымдардан алынған қарыз «Еуропалық қайта құру және даму банкі» АҚ-тан 2026-2029 жылдары өтеу мерзімімен жылдық 13.1%-19.2%-бен алынған қарыз ретінде көрсетілген.

2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «Еуропалық қайта құру және даму банкі» АҚ-тан жылдық 16.7%-17.5% мөлшерлемемен, 2026-2029 жылдары өтеу мерзімімен 51,798 млн теңге (аудит жүргізілмеген) сомасында қарыз алды. 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «Еуропалық қайта құру және даму банкі» АҚ-тан жылдық 14.75% мөлшерлемемен, 2028 жылы өтеу мерзімімен 10,462 млн теңге (аудит жүргізілмеген) сомасында қарыз алды .

2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ белгіленген өтеу кестелеріне сәйкес жылдық 13.1%-14.8% мөлшерлемедегі қарыз бойынша жалпы сомасы 13,932 млн теңге (аудит жүргізілмеген) негізгі борышты төлейді. 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ белгіленген өтеу кестелеріне сәйкес жылдық 13.10%-16.16% мөлшерлемедегі қарыз бойынша жалпы сомасы 9,941 млн теңге (аудит жүргізілмеген) негізгі борышты төлейді.

2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша халықаралық кредиттік ұйымдардан алынған қарыз 129,407 млн теңге (аудит жүргізілмеген) борыштық бағалы қағаздармен қамсыздандырылған (2025 жылғы 31 желтоқсанда: 81,223 млн теңге) (16-ескертпе).

Топ халықаралық кредиттік ұйымдардан алынған қарыздардың талаптарын орындау аясында белгілі бір қаржылық коэффициенттерді сақтауға тиіс. Аталған ковенанттар міндеттемелердің капиталға арақатынасының келісілген коэффициенттерін және қаржылық нәтижелер көрсеткіштерін бағалау үшін пайдаланылатын өзге де коэффициенттерді қамтиды. 2026 жылғы 30 маусымдағы (аудит жүргізілмеген) және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топ аталған ковенанттарды бұзған жоқ.

Кері РЕПО келісімдері бойынша алынған несиелер

2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен қарызы РЕПО келісімдері бойынша алынған тиісінше 46,996 млн теңге (аудит жүргізілмеген) және 27,930 млн теңге сомасындағы қарызды қамтыды, олар тиісінше 2026 жылғы қаңтарда және шілдеде өтелді. 2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша РЕПО келісімдері бойынша қамсыздандыру ретінде берілген активтердің әділ құны тиісінше 47,533 млн теңгені (аудит жүргізілмеген) және 27,390 млн теңгені құрады (15 және 16-ескертпелер).

Банктердің корреспонденттік шоттары

2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша басқа банктерден алынған салымдар шетелдік банктер ашқан 78,428 млн теңге (аудит жүргізілмеген) сомасындағы корреспонденттік шоттарды және Қазақстанның екінші деңгейдегі банктері ашқан 18,276 млн теңге (аудит жүргізілмеген) сомасындағы корреспонденттік шоттарды қамтыды (2025 жылғы 31 желтоқсанда: басқа банктерден алынған салымдар шетелдік банктерден алынған 124,420 млн теңге және Қазақстанның екінші деңгейдегі банктерінен алынған 17,740 млн теңге сомасындағы корреспонденттік шоттарды қамтыды).

21. КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАРАЖАТЫ

	2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2025 жылғы 31 желтоқсан
Клиенттердің қаражаты		
Жеке клиенттер	3,674,238	3,378,142
Корпоративтік клиенттер	3,096,157	3,236,874
	6,770,395	**6,615,016**

	2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2025 жылғы 31 желтоқсан
Мерзімді депозиттер	4,646,895	4,411,624
Талап еткенге дейінгі депозиттер	2,085,345	2,169,120
	6,732,240	**6,580,744**
Есептелген сыйақы	38,155	34,272
	6,770,395	**6,615,016**

2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топтың шоттары мен депозиттері бойынша қалдығы капиталдың 10%-ынан асатын (аудит жүргізілмеген) 1 клиенті бар. 2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша көрсетілген клиенттің шоттары мен депозиттері бойынша қалдықтың жиынтық көлемі тиісінше 120,325 млн теңгені және 201,954 млн теңгені құрайды.

2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша Топ клиенттерінің жалпы сомасы 200,874 млн теңге (аудит жүргізілмеген) болатын депозиттері кредиттер, танылмаған кредиттік құралдар және Топ берген кепілдіктер бойынша міндеттемелердің орындалуын камсыздандыру ретінде қызмет етеді (2025 жылғы 31 желтоқсанда: 164,252 млн теңге).

22. ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

	Валютасы	Шығару күні	Өтеу күні	Пайыздық мөлшерлемесі, %	2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	Пайыздық мөлшерлемесі, %	2025 жылғы 31 желтоқсан
Қазақстанда шығарылған облигациялар	теңге	05/02/2018-23/04/2026	25/10/2026-13/11/2034	8.0-19.0	189,717	8.0-12.5	93,412
	АҚШ доллары	10/12/2025	10/12/2026	-	15,403	-	15,131
					205,120		**108,543**
Есептелген сыйақы					5,186		1,702
					210,306		**110,245**

Қаржылық қызметке байланысты міндеттемелердің және ақша ағынының өзгерістерін салыстырып тексеру (аудит жүргізілмеген)

	Міндеттемелер	
	Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	Барлығы
2026 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша қалдық	**110,245**	**110,245**
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағынына байланысты өзгерістер		
Борыштық бағалы қағаздарды шығару	96,227	96,227
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағынына байланысты өзгерістердің жиынтығы	**96,227**	**96,227**
Басқа өзгерістер	**(778)**	**(778)**
Пайыздық шығыс	9,462	9,462
Төленген пайыздар	(4,850)	(4,850)
2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша қалдық	**210,306**	**210,306**

	Міндеттемелер		
	Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	Реттелген облигациялар	Барлығы
2025 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша қалдық	**161,264**	**43,046**	**204,310**
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағынына байланысты өзгерістер			
Борыштық бағалы қағаздарды шығару	16,250	-	16,250
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	(16,746)	-	(16,746)
Реттелген облигацияларды сатып алу*	-	(10,000)	(10,000)
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағынына байланысты өзгерістердің жиынтығы	**(496)**	**(10,000)**	**(10,496)**
	(85)	**-**	**(85)**
Пайыздық шығыс	9,370	7,408	16,778
Төленген пайыздар	(7,808)	(1,286)	(9,094)
2025 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша қалдық	**162,245**	**39,168**	**201,413**

*Банк Басқармасының шешімдеріне, сондай-ақ реттелген облигацияларды шығару талаптарына сәйкес мерзімінен бұрын өтеуге берілген рұқсатқа сәйкес Топ 2025 жылғы сәуірде реттелген облигациялар бойынша 10,000 млн теңге мөлшеріндегі негізгі борышты, сондай-ақ 2025 жылғы тамызда реттелген облигациялар бойынша 30,000 млн теңге мөлшеріндегі негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеді. Мерзімінен бұрын өтеу нәтижесінде Топ 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін пайда немесе залал туралы шоғырландырылған қысқартылған есепте «Пайыздық шығыстар» құрамында жалпы сомасы 4,804 млн теңге болатын реттелген облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуден болған залалды, сондай-ақ 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте «Пайыздық шығыстар» құрамында жалпы сомасы 18,854 млн теңге болатын реттелген облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуден болған залалды таныды *(5-ескертпе)*.

23. САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

	2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)		2025 жылғы 31 желтоқсан	
Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары – СБНТ қолдану арқылы бағаланбайды				
Автокөлікті сақтандыру	(26,937)	-	(27,685)	-
Өмірді жинақтаушы сақтандыру	(4,732)	1	(3,510)	-
Өмірді ұзақмерзімді сақтандыру	(4,620)	-	(1,902)	-
Аннуитет шарттары	(669)	-	(226)	-
Ерікті кредиттік медициналық сақтандыру	(41)	-	(76)	-
	(36,999)	**1**	**(33,399)**	**-**
Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары – СБНТ қолдану арқылы бағаланады				
Жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру	(4,869)	568	(1,663)	427
Ерікті медициналық сақтандыру(капиталдандыру)	(2,983)	-	(1,990)	-
Мүлікті залалдан сақтандыру	(2,757)	-	(2,368)	-
Басқа	(1,884)	-	(987)	-
Өмірді қысқамерзімді сақтандыру	(776)	-	(1,280)	-
Шығыс қайта сақтандыру	-	822	-	513
	(13,269)	**1,390**	**(8,288)**	**940**
	(50,268)	**1,391**	**(41,687)**	**940**

(а) Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қозғалыстар

Келесі салыстырып тексеру жыл ішінде ақша қаражатының қозғалысы және пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есепте танылған сома нәтижесінде әрбір сегменттегі сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарының таза баланстық құнының қалай өзгергенін көрсетеді. Топ өтемнің қалған бөлігі бойынша міндеттемелердің қозғалысы мен туындаған талаптар бойынша міндеттемелердің қозғалысы бөлек талданатын және осы қозғалыстардың пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есептің баптарымен салыстырып тексеруі келтірілетін кестені ұсынады. Екінші салыстырып тексеру СБНТ қолдану арқылы бағаланбайтын шарттар үшін ұсынылған, онда болашақ ақша ағынының келтірілген құнын бағалаудағы өзгеріс, қаржылық емес тәуекелге түзету және ШҚҚМ бөлек талданады.

(i) Сақтандыру шарттары

Өтемнің қалған бөлігі бойынша міндеттемелер және туындаған талаптар бөлінісіндегі талдау – СБНТ қолдана отырып бағаланбайтын шарттар

	2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай (аудит жүргізілмеген)				2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай (аудит жүргізілмеген)			
	Өтемнің қалған бөлігі бойынша міндеттемелер		Туындаған талаптар бойынша міндеттемелер	Барлығы	Өтемнің қалған бөлігі бойынша міндеттемелер		Туындаған талаптар бойынша міндеттемелер	Барлығы
	Залал компонентін қоспағанда	Залал компоненті			Залал компонентін қоспағанда	Залал компоненті		
Кезең басындағы міндеттемелер	**(31,542)**	**(26)**	**(1,831)**	**(33,399)**	**(23,552)**	**(16)**	**(1,012)**	**(24,580)**
Пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есепке енгізілетін өзгеріс								
Сақтандыру шарттары бойынша түсім (8-ескертпе)								
Көшу күніне модификацияланған ретроспективті тәсілді қолдана отырып бағаланған шарттар	84	-	-	84	-	-	-	-
Өзге шарттар	13,542	-	-	13,542	5,967	-	-	5,967
	13,626	-	-	**13,626**	**5,967**	-	-	**5,967**
Сақтандыру шарттары бойынша шығыстар (9-ескертпе)								
Туындаған талаптар және сақтандыру қызметтері бойынша өзге шығыстар	-	(35)	(2,596)	(2,631)	-	4	(1,503)	(1,499)
Аквизициялық ақша ағындарының амортизациясы	(3,366)	-	-	(3,366)	(1,413)	-	-	(1,413)
Сақтандыру шарттары бойынша залалдар және залалдарды қалпына келтіру	-	19	-	19	-	2	-	2
Туындаған талаптар бойынша міндеттемелерді түзету	-	-	1,290	1,290	-	-	(235)	(235)
	(3,366)	**(16)**	**(1,306)**	**(4,688)**	**(1,413)**	**6**	**(1,738)**	**(3,145)**
Сақтандыру қызметтерін көрсету нәтижесі	**10,260**	**(16)**	**(1,306)**	**8,938**	**4,554**	**6**	**(1,738)**	**2,822**
Сақтандыру шарттары бойынша таза қаржылық шығыстар	(3,239)	(1)	(400)	(3,640)	(1,401)	(1)	(29)	(1,431)
Валюта бағамдарының өзгеру әсері	213	-	-	213	-	-	-	-
Пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есепке енгізілетін барлық өзгеріс	**7,234**	**(17)**	**(1,706)**	**5,511**	**3,153**	**5**	**(1,767)**	**1,391**
Ақша ағыны								
Алынған сыйлықақылар	(12,038)	-	-	(12,038)	(3,379)	-	-	(3,379)
Төленген талаптар және сақтандыру қызметтері бойынша өзге де төленген шығыстар	-	-	1,702	1,702	-	-	1,409	1,409
Аквизициялық ақша ағыны	1,225	-	-	1,225	1,531	-	-	1,531
Барлық ақша ағыны	**(10,813)**	**-**	**1,702**	**(9,111)**	**(1,848)**	**-**	**1,409**	**(439)**
Кезең соңындағы міндеттемелер	**(35,121)**	**(43)**	**(1,835)**	**(36,999)**	**(22,247)**	**(11)**	**(1,370)**	**(23,628)**

Бағалау компоненті бойынша талдау – СБНТ қолдану арқылы бағаланбайтын шарттар

	2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша (аудит жүргізілмеген)						2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай (аудит жүргізілмеген)					
			ШҚҚМ (6) тармағын қараңыз)						ШҚҚМ (6) тармағын қараңыз)			
	Болашақ ақша қаражаты ағынының келтірілген құнының есептік бағалары	Қаржылық емес тәуекелге арналған тәуекелдік түзету	Қошу кезінде модификация-ланған ретроспективті тәсіл аясындағы шарттар	Өзге шарттар	Аралық жиынтық	Барлығы	Болашақ ақша қаражаты ағынының келтірілген құнының есептік бағалары	Қаржылық емес тәуекелге арналған тәуекелдік түзету	Қошу кезінде модификацияланған ретроспективті тәсіл аясындағы шарттар	Өзге шарттар	Аралық жиынтық	Барлығы
Кезең басындағы міндеттемелер	(19,164)	(585)	-	(13,650)	(13,650)	(33,399)	(14,506)	(73)	(1)	(10,000)	(10,001)	(24,580)
Пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есепке енгізілетін өзгеріс												
Ағымдағы қызметтерге байланысты өзгеріс												
Көрсетілген қызметтерге қатысты танылған ШҚҚМ (8-ескертпе)	-	-	-	7,309	7,309	7,309	-	-	-	2,459	2,459	2,459
Мерзімі өткен тәуекелдерге қатысты қаржылық емес тәуекелге арналған тәуекелдік түзетудің өзгеруі	-	142	-	-	-	142	-	23	-	-	-	23
Тәжірибеге негізделген түзету	223	-	-	-	-	223	570	-	-	-	-	570
Ағымдағы қызметтерге байланысты өзгеріс												
Кезең ішінде басталыда танылған шарттар	8,917	(209)	-	(8,713)	(8,713)	(5)	1,320	(83)	-	(1,236)	(1,236)	1
ШҚҚМ-ды түзететін бағалаудағы өзгеріс	260	19	-	(279)	(279)	-	1,502	(269)	1	(1,233)	(1,232)	1
Болжамдардың өзгеруі есебінен шарттар бойынша залалдардың туындауы және залал компонентінің азаюы	(19)	-	-	-	-	(19)	4	-	-	-	-	4
Тәжірибеге негізделген түзету	(1,962)	-	-	1,962	1,962	-	(37)	-	-	36	36	(1)
Өткен кезеңдерде көрсетілген қызметтерге байланысты өзгеріс	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Туындаған талаптар бойынша міндеттемелерді түзету	1,247	41	-	-	-	1,288	(230)	(5)	-	-	-	(235)
Сақтандыру қызметтерін көрсету нәтижесі	**8,666**	**(7)**	**-**	**279**	**279**	**8,938**	**3,129**	**(334)**	**1**	**26**	**27**	**2,822**
Сақтандыру шарттары бойынша таза қаржылық шығыстар	(2,422)	(81)	-	(1,137)	(1,137)	(3,640)	(708)	6	-	(729)	(729)	(1,431)
Валюта бағамдарының өзгеру әсері	203	4	-	6	6	213	-	-	-	-	-	-
Пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есепке енгізілетін барлық өзгеріс	**6,447**	**(84)**	**-**	**(852)**	**(852)**	**5,511**	**2,421**	**(328)**	**1**	**(703)**	**(702)**	**1,391**
Ақша ағыны	**(9,111)**	**-**	**-**	**-**	**-**	**(9,111)**	**(439)**	**-**	**-**	**-**	**-**	**(439)**
Кезең соңындағы міндеттемелер	**(21,828)**	**(669)**	**-**	**(14,502)**	**(14,502)**	**(36,999)**	**(12,524)**	**(401)**	**-**	**(10,703)**	**(10,703)**	**(23,628)**

Өтемнің қалған бөлігі бойынша міндеттемелер және туындаған талаптар бөлінісіндегі талдау – СБНТ қолдану арқылы бағаланатын шарттар

	2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай (аудит жүргізілмеген)					2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай (аудит жүргізілмеген)			
	Өтемнің қалған бөлігі бойынша міндеттемелер		Туындаған талаптар бойынша міндеттемелер			Өтемнің қалған бөлігі бойынша міндеттемелер	Туындаған талаптар бойынша міндеттемелер		
	Болашақ ақша қаражаты ағынының келтірілген құнының есептік бағалары	Залал компоненті	Болашақ ақша қаражаты ағынының келтірілген құнының есептік бағалары	Қаржылық емес тәуекелге арналған тәуекелдік түзету	Барлығы	Болашақ ақша қаражаты ағынының келтірілген құнының есептік бағалары	Болашақ ақша қаражаты ағынының келтірілген құнының есептік бағалары	Қаржылық емес тәуекелге арналған тәуекелдік түзетуді босату	Барлығы
Кезең басындағы міндеттемелер	(5,788)	-	(2,378)	(122)	(8,288)	(3,197)	(604)	(39)	(3,840)
Пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есепке енгізілетін өзгеріс									
Сақтандыру шарттары бойынша түсім (8-ескертпе)									
Сақтандыру шарттары	12,648	-	-	-	12,648	8,952	-	-	8,952
	12,648	**-**	**-**	**-**	**12,648**	**8,952**	**-**	**-**	**8,952**
Сақтандыру шарттары бойынша шығыстар (9-ескертпе)									
Туындаған талаптар және сақтандыру қызметтері бойынша өзге шығыстар	-	-	(5,259)	(96)	(5,355)	-	(4,643)	(35)	(4,678)
Аквизициялық ақша ағынының амортизациясы	(2,428)	-	-	-	(2,428)	(2,075)	-	-	(2,075)
Шарт бойынша залалдар және залалдарды қалпына келтіру	-	(314)	-	-	(314)	-	-	-	-
Туындаған талаптар бойынша міндеттемелерді түзету	-	-	207	12	219	-	(204)	30	(174)
	(2,428)	**(314)**	**(5,052)**	**(84)**	**(7,878)**	**(2,075)**	**(4,847)**	**(5)**	**(6,927)**
Сақтандыру қызметтерін көрсету нәтижесі	**10,220**	**(314)**	**(5,052)**	**(84)**	**4,770**	6,877	(4,847)	(5)	2,025
Валюта бағамдарының өзгеру әсері	136	-	-	-	136	13	-	-	13
Пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есепке енгізілетін барлық өзгеріс	**10,356**	**(314)**	**(5,052)**	**(84)**	**4,906**	**6,890**	**(4,847)**	**(5)**	**2,038**
Ақша ағыны									
Алынған сыйлықақылар	(14,895)	-	-	-	(14,895)	(15,629)	-	-	(15,629)
Төленген талаптар және сақтандыру қызметтері бойынша өзге де төленген шығыстар	-	-	3,964	-	3,964	-	4,322	-	4,322
Аквизициялық ақша ағыны	1,044	-	-	-	1,044	3,493	-	-	3,493
Барлық ақша ағыны	**(13,851)**	**-**	**3,964**	**-**	**(9,887)**	**(12,136)**	**4,322**	**-**	**(7,814)**
Кезең соңындағы міндеттемелер	**(9,283)**	**(314)**	**(3,466)**	**(206)**	**(13,269)**	**(8,443)**	**(1,129)**	**(44)**	**(9,616)**

(б) Шартта қарастырылған қызметтер үшін маржа (ШҚҚМ)

Келесі кестеде СБНТ қолдана отырып бағаланбайтын сақтандыру шарттары бойынша есепті күннен кейін Топтың ШҚҚМ-ның қалған бөлігін пайдада немесе залалда қашан тануды жоспарлайтыны туралы ақпарат ұсынылған.

2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	1 жыл және одан аз	1-2 жыл	2-3 жыл	3-4 жыл	4-5 жыл	5-10 жыл	10 жылдан аса	Барлығы
Сақтандыру шарттары	6,772	5,021	2,765	796	165	85	1	15,605
	6,772	**5,021**	**2,765**	**796**	**165**	**85**	**1**	**15,605**

2025 жылғы 31 желтоқсан	1 жыл және одан аз	1-2 жыл	2-3 жыл	3-4 жыл	4-5 жыл	5-10 жыл	10 жылдан аса	Барлығы
Сақтандыру шарттары	2,977	2,723	2,296	1,767	1,197	381	-	11,341
	2,977	**2,723**	**2,296**	**1,767**	**1,197**	**381**	**-**	**11,341**

(в) Елеулі кәсіби пайымдау мен бағалау

(i) Шарттарды орындау бойынша ақша ағыны

Шарттарды орындау бойынша ақша ағыны мыналарды қамтиды:

- болашақ ақша ағынының есептік бағаларын;
- ақшаның уақыттық құнын және болашақ ақша ағынымен байланысты қаржылық тәуекелдерді есепке алу мақсатындағы түзетуді, қаржылық тәуекелдер болашақ ақша ағынының есептік бағасында ескерілмеген шамада; және
- қаржылық емес тәуекелге арналған тәуекелдік түзетуді.

Ақша ағынын бағалаған кезде Топтың мақсаты ықтимал нәтижелердің бүкіл ауқымын көрсететін бірқатар сценарийлердің болжамды құнын айқындау болып табылады. Болжамды келтірілген құнды есептеу үшін әрбір сценарийдің ақша ағыны дисконталады және осындай нәтиженің орын алу ықтималдығын бағалау ескеріле отырып өлшенеді.

Болашақ ақша ағынының есептік бағалары

Болашақ ақша ағынын бағалаған кезде Топ есепті күнге шамадан тыс шығындар немесе күш-жігер жұмсамай қолжетімді болатын осындай болашақ ақша ағынының сомалары, мерзімдері және белгісіздігі туралы барлық негізделген және расталатын ақпаратты бейтарап пайдаланады. Бұл ақпарат сақтандыру залалдары және өзге тәжірибе туралы өткен кезеңдердің ішкі және сыртқы дереккөздерден алынған деректерін қамтиды және болашақ оқиғаларға қатысты ағымдағы болжалдар ескеріле отырып жаңартылады.

Болашақ ақша ағынының есептік бағалары маңызды нарықтық айнымалылардың бағалауы осы айнымалылар бойынша бақыланатын нарықтық бағаларға сәйкес келеді деген шартпен, Топтың есепті күнгі ағымдағы жағдайлар туралы пікірін көрсетеді.

Болашақ ақша ағынын бағалау кезінде Топ осы ақша ағынына әсер етуі мүмкін болашақ оқиғаларға қатысты ағымдағы болжамдарды ескереді. Алайда Топ қолданыстағы міндеттемелерді өзгертетін немесе олардың тоқтатылуына алып келетін не қолданыстағы сақтандыру шарттары бойынша жаңа міндеттемелер туындататын заңнамадағы болашақ өзгерістерге қатысты ағымдағы болжамдарды мұндай заңнамалық өзгеріс іс жүзінде күшіне енгенге дейін ескермейді.

Шарт аясындағы ақша ағыны шартты орындаумен тікелей байланысты, оның ішінде сомасын немесе мерзімін Топ өз қалауы бойынша айқындайтын ақша ағыны да бар. Сақтандыру шарты аясындағы ақша ағыны полис ұстаушының пайдасына (немесе оның атынан) төленетін төлемдерді, аквизициялық ақша ағынын және шарттарды орындау кезінде Топ көтеретін өзге шығындарды қамтиды.

Сақтандыру шарттары бойынша аквизициялық ақша ағыны осы топ жататын сақтандыру шарттары портфелімен тікелей байланысты сақтандыру шарттары тобын сату, андеррайтинг және жасасу жөніндегі қызметке байланысты туындайды. Шарттарды орындау үшін Топтың өзге шығындарына мыналар кіреді:

- сақтандыру залалдарын реттеуге, полистерді жүргізуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындар;
- сақтандыру шарты аясында алынуға тиіс бөліп төленетін сыйлықақылар бойынша төленуге тиіс тұрақты комиссия;
- табыс салығы және шарт талаптарына сәйкес полис ұстаушыға төленуге тиіс деп арнайы көрсетілген барлық өзге шығындар.

Сақтандыру шарттары бойынша аквизициялық ақша ағыны және шарттарды орындау үшін Топ көтеретін өзге шығындар тікелей шығындарды да, тұрақты және ауыспалы үстеме шығыстарды бөлуді де қамтиды.

Ақша ағыны Топтың сақтандыру шарттарын жасасу үшін жүзеге асыратын қызметіне, шарттарды орындауға байланысты өзге қызметке және жергілікті ұйым деңгейінде жүзеге асырылатын өзге қызметке шығындарды есептеудің тиісті әдістерін қолдана отырып тікелей жатқызылуы мүмкін. Сақтандыру шарттарын жасасу және шарттарды орындау жөніндегі қызметке жатқызылуы мүмкін ақша ағыны ұқсас сипаттамалары бар барлық шығындарға бірізді қолданылатын жүйелі және ұтымды әдістерді пайдалана отырып, шарттар топтары бойынша бөлінеді. Топ жалпы жағдайда аквизициялық ақша ағынын сақтандыру шарттарының топтарына әрбір топ бойынша жазылған сыйлықақының жалпы сомасы негізінде, залалдарды реттеуге арналған шығыстарды әрбір топ бойынша нақты төлемдердің жалпы сомасы негізінде, ал полистерді жүргізуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығыстарды жыл ішінде топ бойынша жазылған сыйлықақылар негізінде бөледі. Өзге шығындар туындауына қарай пайда немесе залал құрамында танылады.

Резервтер бойынша негізгі жорамал

Жорамалды айқындау үшін пайдаланылатын процесс неғұрлым ықтимал немесе болжамды нәтижелердің бейтарап бағаларын алуға арналған. Жорамалды қалыптастыруға негіз ретінде пайдаланылатын ақпарат көзі ішкі болып табылады және жыл сайын жүргізілетін егжей-тегжейлі зерттеулердің нәтижелерін қамтиды. Жорамал олардың бақыланатын нарықтық бағаларға және өзге де жарияланған ақпаратқа сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында тексеріледі. Алайда Қазақстанның сақтандыру нарығында жорамалды айқындау және негізгі қызмет бойынша өзгерістерге ұшырағыштықты бағалау үшін өзекті болатын жалпыға қолжетімді ақпарат жеткіліксіз.

Қызмет сипатына байланысты қандай да бір нақты сақтандыру залалын (талапты) реттеу бойынша ықтимал нәтижелерді дәл болжау және мәлімделген сақтандыру залалдарын (талаптарды) реттеуге жұмсалатын шығындардың түпкілікті сомасын айқындау өте қиын. Әрбір мәлімделген сақтандыру залалы барлық мән-жайлар, сақтандыру залалдарын бағалаушылардан алынған ақпарат және ұқсас сақтандыру залалдарының мөлшері бойынша тарихи деректер ескеріле отырып, әрбір нақты жай-күйі бойынша жеке қаралады. Әрбір жай-күйі бойынша бағалау жүйелі түрде қайта қаралады және жаңа деректер пайда болған кезде тиісті түрде жаңартылады. Резервтер қолда бар ағымдағы ақпарат негізінде қалыптастырылады. Алайда түпкілікті міндеттемелер кейінгі оқиғалардың нәтижесінде өзгеруі мүмкін. Залалдарды өтеуге жұмсалатын шығындардың түпкілікті мөлшеріне әсер ететін көптеген факторлардың ықпалын бағалау қиын. Резервті есептеудің күрделілігі базалық сақтандыру шарттарындағы айырмашылықтарға, талаптың күрделілігіне, талаптар көлеміне және әрбір талаптың жеке ауырлығына, талаптың туындаған күнін және оның нақты мәлімделген күнін айқындауға байланысты сақтандырудың әртүрлі түрлері бойынша да ерекшеленеді.

Топ есепті күнге есептелген, бірақ төленбеген барлық талапты түпкілікті реттеу бойынша шығыстарды, сондай-ақ қалдық құнды және залалдарды өтеудің өзге де болжамды сомаларын жеке мәлімделген талаптарды талдау және орын алған, бірақ әлі мәлімделмеген талаптар бойынша резервтер құру арқылы бағалайды. Талаптарды түпкілікті реттеу бойынша шығыстар сомасы залалдарды өтеуге арналған сақтандыру резервтерін болжаудың кейбір әдістерін, мысалы, тізбекті баспалдақ әдісін және Борнхьюттер-Фергюсон әдісін қолдану арқылы есептеледі. Бұл әдістер Компанияның залалдардың туындауына қатысты өз тәжірибесі болашақта залалдардың даму моделін болжауға және тиісінше сақтандыру залалдарын реттеуге жұмсалатын шығындардың түпкілікті сомасын айқындауға мүмкіндік береді деген болжамға негізделеді. Сақтандыру залалдарын реттеуге жұмсалатын шығындардың түпкілікті сомасы бағалау басқа талаптардан бөлек жүргізілетін ірі талаптарды қоспағанда, сақтандырудың әрбір түрі бойынша жеке есептеледі.

Пайдаланылған жорамалдар, оның ішінде болжамды залал коэффициенттеріне және болашақта мәлімделген залалдар инфляциясына қатысты жорамалдар болжамдар жасауға негіз болған өткен кезеңдердегі сақтандыру залалдарының дамуы туралы ақпаратқа тікелей негізделеді, алайда өткен үрдістердің болашақта қандай дәрежеде қолданылмауы мүмкін екенін және болашақта қандай жаңа үрдістердің пайда болуын күтуге болатынын бағалау үшін кәсіби пайымдау қолданылады.

Дисконттау мөлшерлемелері

Барлық ақша ағыны ақша ағынының сипаттамаларын және сақтандыру шарттарының өтімділік сипаттамаларын көрсету үшін түзетілген тәуекелсіз кірістілік қисықтарын қолдана отырып дисконтталады. Компания ақша ағынын дисконттау мөлшерлемелерін айқындау үшін «төменнен жоғары» тәсілін қолданады.

«Төменнен жоғары» тәсілін пайдалана отырып дисконттау мөлшерлемелерін айқындау үшін Топ екі компонентті: теңгедегі тәуекелсіз кірістілік қисығын және өтімсіздікке түзету мөлшерін бағалайды. Кейіннен ақша ағынын дисконттау үшін пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемелері осы екі компоненттің сомасы ретінде есептеледі. Топ, әдетте, теңгедегі тәуекелсіз мөлшерлемелерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша купонсыз кірістілік қисығына қатысты бақыланатын тарихи деректерді пайдалана отырып айқындайды. Өтімсіздікке түзетуді есептеу үшін Топ өтімсіздік тәуекеліне ұшырағыштықты көрсететін тәуекел факторына арналған сыйлықақыны бағалауға негізделген тәсілді қолданады. Бұл сыйлықақы өтімсіз борыштық құралдар бойынша мөлшерлемеден (корпоративтік банктік кредиттер) ақшаның уақыттық құны үшін сыйлықақыны және кредиттік тәуекел үшін сыйлықақыны алып тастау арқылы бағаланады. Осы тәсілге сәйкес қалған компонент өтімсіздік үшін сыйлықақыны білдіреді деп болжанады.

Төмендегі кестелерде сақтандыру шарттары бойынша ақша ағынын дисконттау үшін пайдаланылатын кірістілік қисықтары ұсынылған:

	2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай (аудит жүргізілмеген)					2025 жыл				
	1 жыл	2 жыл	3 жыл	4 жыл	5 жыл	1 жыл	2 жыл	3 жыл	4 жыл	5 жыл
Теңге	18.35%	17.73%	17.13%	16.77%	16.59%	18.35%	17.73%	17.13%	16.77%	16.59%

Қаржылық емес тәуекелге арналған тәуекелдік түзету

Қаржылық емес тәуекелге арналған тәуекелдік түзету эмитент ұйымның қаржылық емес тәуекелді өзіне қабылдағаны үшін талап ететін өтем мөлшерін көрсету мақсатында айқындалады және осы топтардың тәуекел сипаттамаларын талдау негізінде шарттар топтары бойынша бөлінеді. Қаржылық емес тәуекелге арналған тәуекелдік түзету ұйым шығарған шарттар бойынша әртараптандырудан түсетін пайданы осы тәуекелді өзіне қабылдағаны үшін қажетті өтемге сәйкес келетіндей және ұйымның тәуекелді қабылдамау дәрежесін көрсететіндей түрде көрсетеді, бұл ретте әртараптандырудан түсетін пайданың әсері корреляциялық матрица әдісін пайдалана отырып айқындалады.

Қаржылық емес тәуекелге арналған тәуекелдік түзету мынадай әдістерді пайдалана отырып айқындалады:

- Өтемнің қалған бөлігі бойынша міндеттемелер: Бақылаудың жеткіліксіз болуына байланысты Топ туындаған талаптар бойынша міндеттемелер үшін тәуекелдік түзетуді модельдеген кезде алынған тәуекелдік түзету пайызын пайдаланады.
- Туындаған талаптар бойынша міндеттемелер: «Бутстреп» әдісі.

Жоғарыда қарастырылған әдістер таңдалған процентиль мәні бар сенімділік ықтималдығының сатысына негізделеді (процентиль мәнін Топ айқындайды және әдетте 70%-ды құрайды).

Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша қаржылық емес тәуекелге арналған тәуекелдік түзетуді айқындау үшін деректердің жеткіліксіз болуына байланысты Топ тікелей бизнес үшін алынған тәуекелдік түзету пайызын қолданады.

«Бутстреп» әдісі залалдарды реттеу кезеңдері бойынша бақыланатын нақты залал өсімдері негізінде залалдар үшбұрыштарын модельдеуге негізделеді және ақша ағындарының эмпирикалық ықтималдық үлестірімін алуға әрі 70%-дық сенімділік деңгейімен тәуекелдік түзету мөлшерін таңдауға мүмкіндік береді.

(ii) Шартта қарастырылған қызметтер үшін маржа (ШҚҚМ)

Сақтандыру өтемі бірліктерін айқындау

Шарттар тобының ШҚҚМ-сы әрбір жылы көрсетілген қызмет көрсету мақсатында осы жылы ұсынылған сақтандыру өтемі бірліктерінің саны негізінде пайда немесе залал құрамында танылады. Сақтандыру өтемі бірліктерінің саны әрбір шарт бойынша шартта қарастырылған пайданың мөлшерін және сақтандыру өтемінің болжамды кезеңін талдау негізінде айқындалады.

Топ шарт бойынша қарастырылған пайданың мөлшерін шарт бойынша ықтимал пайданың ең жоғары мөлшері ретінде айқындайды, ол сондай-ақ әдетте тәуекелі айрықша жоғары барлық өнімдер бойынша жиынтық сақтандыру сомасы түрінде ұсынылады, өйткені Компания шығаратын шарттар инвестициялық кіріс алуға байланысты қандай да бір қызметтерді көздемейді. Сақтандыру өтемі бірліктері әрбір кезеңдегі ықтимал сақтандыру залалдарының ең жоғары мөлшері негізінде есептеледі. Сақтандыру өтемі бірліктерін модельдеу кезінде Топ шарт қолданылған күнтізбелік жылдағы кезеңнің ұзақтығын және уақыт өте келе портфель мөлшерінің болжамды азаюын ескереді. Сақтандыру өтемі бірліктері әрбір есепті күнге қайта қаралады және жаңартылады.

ШҚҚМ-ды пайда немесе залал құрамына бөлудің болжамды мерзімін талдау (б) тармағында ұсынылған.

24. БАСҚА МІНДЕТТЕМЕЛЕР

	2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2025 жылғы 31 желтоқсан
Басқа қаржылық емес міндеттемелер:		
Әлі де қатысуға байланысты міндеттемелер	392,731	394,013
Басқа операциялар бойынша есеп айырысу	59,637	47,588
Жалдау бойынша міндеттеме	11,428	10,952
Әкімшілік-шаруашылық қызмет бойынша есептер	10,129	8,738
Шығарылған кепілдіктер бойынша міндеттемелер	9,924	8,183
Кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша резерв	2,773	1,064
Есептелген комиссиялық шығыс	890	2,916
	487,512	**473,454**
Өзге қаржылық емес қысқамерзімді міндеттемелер:		
Табыс салығынан басқа төленетін салық	11,972	8,767
Басқа қаржылық емес міндеттемелер:	5,686	6,489
Барлық басқа міндеттеме	**505,170**	**488,710**

25. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

2025 жылғы 7 сәуірде Банктің Директорлар кеңесі 2025 жылғы 15 сәуірден бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Банктің орналастырылған 15,900,000 дана жай акциясын бір жай акция үшін теңге бағамен сатып алуды бекітті. 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Банк жалпы құны 26,286 млн теңге 11,948,384 дана жай акцияны сатып алды. Жай акцияларды сатып алу құны мен олардың номиналды құны арасындағы жалпы сомасы 23,897 млн теңге айырма (аудит жүргізілмеген) Топтың бөлінбеген пайдасын азайтты және меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған қысқартылған есепте көрсетілді.

2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша (аудит жүргізілмеген) Банктің жарғылық капиталы төмендегідей ұсынылған:

	Шығаруға рұқсат берілген жарғылық капитал	Шығарылмаған жарғылық капитал	Акционерлерден сатып алынған акциялар	Барлық жарғылық капитал
Жай акциялар, данасы	1,211,140,611	(1,023,111,576)	(13,470,041)	174,558,994
Артықшылықты акциялар, данасы	39,249,255	-	(39,073,696)	175,559

2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша Банктің (аудит жүргізілмеген) жарғылық капиталы төменде көрсетілгендерді құрады:

	Жарияланған және шығарылған жарғылық капитал	Жарияланған жай акцияларды орналастыру	Меншікті акцияларды (сатып алу)/шығару	Барлығы
Жай акциялар	64,497	-	(8,666)	55,831
Артықшылықты акциялар	1	-	213	214
	64,498	**-**	**(8,453)**	**56,045**

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банктің жарғылық капиталы төмендегідей көрсетілген:

	Шығаруға рұқсат берілген жарғылық капитал	Шығарылмаған жарғылық капитал	Акционерлерден сатып алынған акциялар	Барлық жарғылық капитал
Жай акциялар, данасы	1,211,140,611	(1,023,111,576)	(13,216,819)	174,812,216
Артықшылықты акциялар, данасы	39,249,255	-	(39,053,421)	195,834

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банктің жарғылық капиталы төменде көрсетілгендерді құрады:

	Жарияланған және шығарылған жарғылық капитал	Жарияланған жай акцияларды орналастыру	Меншікті акцияларды сатып алу)/шығару	Барлығы
Жай акциялар	64,497	-	(6,068)	58,429
Артықшылықты акциялар	1	-	217	218
	64,498	**-**	**(5,851)**	**58,647**

26. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Сегменттер туралы ақпарат қызметті бағалау үшін ұсынылған және оны Топтың ХҚЕС (IFRS) 8 талаптарына сәйкес шешім қабылдайтын бас тұлғасы 2026 және 2025 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілікте келтірілген операциялық сегменттер туралы ақпаратпен бірге пайдаланады.

Операциялық сегменттер туралы ақпарат төменде көрсетілген.

	Жеке тұлғаларға қызмет көрсету (аудит жүргізілмеген)	Корпоративтік тұлғаларға қызмет көрсету (аудит жүргізілмеген)	Инвестициялық қызмет (аудит жүргізілмеген)	Сақтандыру қызметі (аудит жүргізілмеген)	2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша (аудит жүргізілмеген)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер	337,223	88,702	88,864	5,431	520,220
Басқа пайыздық кіріс	-	-	6,874	-	6,874
Пайыздық шығыс	(154,815)	(113,991)	(21,742)	-	(290,548)
Пайыздық активтер бойынша болжамды кредиттік залалға бөлінген резервті құру	(38,699)	(5,894)	-	-	(44,593)
Таза пайыздық емес кіріс	5,491	68,798	-	9,116	83,405
Операциялық шығыс	(63,143)	(24,615)	(31,316)	(2,393)	(121,467)
Салық салғанға дейінгі пайда	**86,057**	**13,000**	**42,680**	**12,154**	**153,891**
Сегменттер бойынша активтер*	3,552,117	3,514,752	1,822,934	45,609	8,935,412
Сегменттер бойынша міндеттемелер*	3,684,348	3,579,825	624,375	61,660	7,950,208
Сегменттер бойынша өзге баптар					
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыс	(6,037)	(2,354)	(2,995)	(230)	(11,616)
Клиенттерге және банктерге берілген несие	3,542,646	1,259,183	-	-	4,801,829
Клиенттердің қаражаты	3,674,238	3,096,157	-	-	6,770,395
Қарыз беру бойынша қаржылық кепілдіктер мен қаржылық міндеттемелер	91,463	285,047	-	-	376,510

	Жеке тұлғаларға қызмет көрсету (аудит жүргізілмеген)	Корпоративтік тұлғаларға қызмет көрсету (аудит жүргізілмеген)	Инвестициялық қызмет (аудит жүргізілмеген)	Сақтандыру қызметі (аудит жүргізілмеген)	2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша (аудит жүргізілмеген)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер	259,117	83,438	89,653	3,427	435,635
Басқа пайыздық кіріс	-	-	5,035	-	5,035
Пайыздық шығыс	(118,140)	(86,104)	(26,121)	-	(230,365)
Пайыздық активтер бойынша күтілетін кредиттік залалға бөлінген резервті құру	(36,956)	(7,824)	-	-	(44,780)
Таза пайыздық емес кіріс	11,053	88,417	-	2,773	102,243
Операциялық шығыс	(41,808)	(28,309)	(24,911)	(2,253)	(97,281)
Салық салғанға дейінгі пайда	**73,266**	**49,618**	**43,656**	**3,947**	**170,487**
Сегменттер бойынша активтер*	2,934,490	2,761,413	1,522,698	49,774	7,268,375
Сегменттер бойынша міндеттемелер*	3,041,250	2,911,912	545,803	45,932	6,544,897
Сегменттер бойынша өзге баптар					
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыс	(3,522)	(2,384)	(2,099)	(190)	(8,195)
Клиенттерге және банктерге берілген несие	2,879,372	1,146,263	-	-	4,025,635
Клиенттердің қаражаты	3,035,922	2,402,531	-	-	5,438,453
Қарыз беру бойынша қаржылық кепілдіктер мен қаржылық міндеттемелер	94,303	233,998	-	-	328,301

*пайдаға салынатын ағымдағы және кейінге қалдырылған салықты есептемегенде. Табыс салығы бойынша шығыс бөлінбеген.

Топтың активтері Қазақстан Республикасында шоғырланған және Топ Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын операциялардан кіріс алады.

Ірі клиенттер туралы ақпарат

2026 және 2025 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде есептік сегменттерде әрқайсысымен жасалған операциялардан түскен кірістер Топ кірісінің жалпы сомасының 10%-ынан асатын корпоративтік және жеке клиенттер болған жоқ (аудит жүргізілмеген).

27. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ

Тәуекелдерді басқару банктік қызметтің негізін құрайды және Топтың операциялық қызметінің елеулі элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі, сондай-ақ операциялық, құқықтық тәуекел және іскерлік беделді жоғалту тәуекелі Топ өз қызметін іске асыру барысында кезіктіретін негізгі (маңызды) тәуекел болып табылады.

Тәуекелдерді басқару құрылымы

Тәуекелдерді айқындау және оларды бақылау үшін жалпы жауапкершілік Директорлар Кеңесіне жүктеледі. Алайда тәуекелдерді басқару мен бақылау үшін жауап беретін жекелеген тәуелсіз органдар да бар. 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топтағы тәуекелдерді басқару құрылымында елеулі өзгерістер болған жоқ.

(а) Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – нарықтағы бағалардың өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе келешектегі ақша қаражатының өзгеру тәуекелі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ басқа да баға тәуекелдерінен тұрады

(i) Валюталық тәуекел

2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша Топтың шетел валютасы айырбастау бағамының ауытқу тәуекеліне ұшырауы туралы ақпарат келесі кестеде ұсынылған (аудит жүргізілмеген):

	Теңге	АҚШ доллары 1 АҚШ доллары = 480.72 теңге	Еуро 1 Еуро = 548.07 теңге	Басқа валюта	2026 жылғы 30 маусым Барлығы
Қаржылық активтер:					
Ақша қаражаты және оның баламалары	778,569	494,494	219,577	454,586	1,947,226
Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары	103,390	53,975	-	90	157,455
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	603,008	587,127	115,566	-	1,305,701
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	83,334	70,937	43,253	-	197,524
Банктердегі қаражат	10,264	135,176	664	14,920	161,024
Клиенттер мен банктерге берілген несие	4,347,329	437,945	14,217	2,338	4,801,829
Алынатын қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	1,142	249	-	-	1,391
Өзге қаржылық активтер	38,664	4,594	-	1,730	44,988
Барлық қаржылық актив	**5,965,700**	**1,784,497**	**393,277**	**473,664**	**8,617,138**
Қаржылық міндеттемелер:					
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	267,608	117,642	7,277	21,542	414,069
Клиенттердің қаражаты	4,478,255	1,537,701	396,182	358,257	6,770,395
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	194,903	15,403	-	-	210,306
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	44,972	5,268	28	-	50,268
Басқа қаржылық міндеттемелер:	470,412	11,736	2,234	3,130	487,512
Барлық қаржылық міндеттеме	**5,456,150**	**1,687,750**	**405,721**	**382,929**	**7,932,550**
Ашық позиция	509,550	96,747	(12,444)	90,735	
Тәуекелді басқару мақсатында ұсталатын туынды қаржы құралдарын есепке алу	154,048	(165,055)	8,440	3,421	
Таза позиция	**663,598**	**(68,308)**	**(4,004)**	**94,156**	

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топтың шетел валютасын айырбастау бағамдарының ауытқуы тәуекеліне ұшырауы туралы ақпарат төмендегі кестеде ұсынылған:

	Теңге	АҚШ доллары 1 АҚШ доллары = 505.53 теңге	Еуро 1 Еуро = 593.44 теңге	Басқа валюта	2025 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
Қаржылық активтер:					
Ақша қаражаты және оның баламалары	721,427	477,696	175,665	461,216	1,836,004
Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары	97,013	48,410	-	29	145,452
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	637,783	517,332	120,087	-	1,275,202
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	47,134	135,680	46,168	-	228,982
Банктердегі қаражат	6,163	202,407	5	2,699	211,274
Клиенттер мен банктерге берілген несие	4,144,199	342,880	13,240	-	4,500,319
Алынатын сақтандыру шарттары бойынша активтер	785	155	-	-	940
Өзге қаржылық активтер	45,686	8,470	749	130	55,975
Барлық қаржылық активтер	**5,700,190**	**1,733,030**	**355,914**	**464,074**	**8,253,208**
Қаржылық міндеттемелер:					
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	265,109	103,117	16,170	15,575	399,971
Клиенттердің қаражаты	4,257,536	1,499,170	358,781	499,529	6,615,016
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	95,114	15,131	-	-	110,245
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	37,637	4,021	29	-	41,687
Басқа қаржылық міндеттемелер:	467,184	4,906	524	840	515,141
Барлық қаржылық міндеттеме	**5,122,580**	**1,626,345**	**375,504**	**515,944**	**7,640,373**
Ашық позиция	577,610	106,685	(19,590)	(51,870)	
Тәуекелді басқару мақсатында ұсталатын туынды қаржы құралдарын есепке алу	47,352	(52,575)	-	10,520	
Таза позиция	**624,962**	**54,110**	**(19,590)**	**(41,350)**	

Төмендегі кестеде көрсетілгендей, 2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша теңге бағамының мынадай валюталарға қатысты әлсіреуі капиталдың және пайданың немесе залалдың төменде сипатталған ұлғаюына (азаюына) әкелер еді. Осы талдау салықтарды шегере отырып жүргізілді және Топтың пайымдауы тұрғысынан есепті кезеңнің соңындағы жай-күйі бойынша дәлелді ықтимал болып табылатын валюта бағамдарының өзгерістеріне негізделеді. Талдауда барлық қалған ауыспалы, әсіресе пайыздық мөлшерлемелер өзгеріссіз қалады деп түсініледі

	2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2025 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ долларының теңге шаққандағы бағамының 20%-ға өсуі	(10,929)	8,658
Еуроның теңге шаққандағы бағамының 20%-ға өсуі	(641)	(3,134)
Басқа валюталардың теңге шаққандағы бағамының 20%-ға өсуі	15,065	(6,616)

.

(б) Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – қарыз алушының немесе Топтың контрагентінің міндеттемелерін орындамау салдарынан туындайтын қаржылық зиян тәуекелі.

Есепті күндегі жай-күйі бойынша қаржылық активтерге қатысты кредиттік тәуекелге ұшырағыштықтың ең жоғары деңгейі төмендегідей ұсынылады.

	2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2025 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаты және оның баламалары	1,599,929	1,533,512
Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары	141,455	123,623
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	1,305,078	1,273,671
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	197,524	228,982
Банктердегі қаражат	161,024	211,274
Клиенттер мен банктерге берілген несие	4,801,829	4,500,319
Алынатын сақтандыру шарттары бойынша активтер	1,391	940
Өзге қаржылық активтер	44,988	55,035
Кредиттік тәуекелге ұшыраудың барлық ең жоғарғы деңгейі	**8,253,218**	**7,927,356**

Клиенттерге берілген кредиттер бойынша кредиттік тәуекелдің шоғырлануы 18-ескертпеде ұсынылған.

Банк тұрақты түрде бір қарыз алушыға немесе өзара байланысқан қарыз алушылар тобына қатысты тәуекелдің ең жоғарғы мөлшерінің міндетті нормативін есептейді және оған мониторинг жүргізеді, ол бір қарыз алушыға немесе өзара байланысты қарыз алушылар тобына қатысты Банктің тәуекелін реттейді және қарыз алушының (өзара байланысқан қарыз алушылар тобына кіретін қарыз алушы) Банк алдындағы міндеттемелерінің жиынтық сомасының Банктің меншікті қаражатына (капиталына) ең жоғарғы қатынасын анықтайды. 2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ҚРҰБ белгілеген k-3 нормативінің ең жоғары жол берілетін мәні 25%-ды құрады. 2026 жылғы 30 маусымдағы (аудит жүргізілмеген) және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банк есептеген к-3 нормативінің мәні заңнамада белгіленген деңгейге сәйкес келді.

2026 жылғы 30 маусымдағы (аудит жүргізілмеген) және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топта кредиттік тәуекелге ұшырау шамасы кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейінің 10%-ынан асатын борышкерлер немесе өзара байланысты борышкерлер топтары жоқ.

(в) Өтімділік тәуекелі

Төменде көрсетілген кестелерде, қажет болған жағдайда, кез келген сәтте іске асырылуы мүмкін болғандықтан, «талап еткенге дейін және 1 айға дейін» санатына жататын пайда мен залал арқылы көрсетілетін қаржылық активтерді және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтерді қоспағанда, баланс бойынша күннен бастап өтеу күніне дейінгі қалған кезең бойынша топтастырылған қаржылық активтер мен міндеттемелерге жасалған талдау ұсынылған.

2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	Орташа өлшенген тиімді %-дық мөлшерлеме	Талап еткенге дейін және 1 айға дейін	1-3 ай	3 ай - 1 жыл	1 жыл- 5 жыл	5 жылдан аса	2026 жылғы 30 маусым Барлығы
Қаржылық активтер							
Ақша қаражаты және оның баламалары	9.22%	440,841	-	-	-	-	440,841
Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары	10.71%	141,455	-	-	-	-	141,455
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	7.57%	1,305,078	-	-	-	-	1,305,078
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	8.61%	5,761	60,167	33,544	97,162	890	197,524
Банктердегі қаражат	3.58%	-	74,257	-	-	-	74,257
Клиенттер мен банктерге берілген несие	20.85%	294,651	281,298	856,465	2,101,056	1,268,359	4,801,829
Пайыз есептелетін барлық актив		**2,187,786**	**415,722**	**890,009**	**2,198,218**	**1,269,249**	**6,960,984**
Ақша қаражаты және оның баламалары		1,506,385	-	-	-	-	1,506,385
Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары		17,230	-	-	-	-	17,230
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер		623	-	-	-	-	623
Банктердегі қаражат		86,767	-	-	-	-	86,767
Алынатын қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер		-	-	1,391	-	-	1,391
Өзге қаржылық активтер		19,943	20,327	-	4,718	-	44,988
Барлық қаржылық активтер		**3,818,734**	**436,049**	**891,400**	**2,202,936**	**1,269,249**	**8,618,368**
Қаржылық міндеттемелер							
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	8.64%	48,238	8,998	32,685	138,190	89,254	317,365
Клиенттердің қаражаты	13.03%	798,982	1,331,253	2,067,155	449,243	48,934	4,695,567
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	15.10%	-	483	24,609	110,721	74,493	210,306
Басқа қаржылық міндеттемелер:	4.02%	2,937	3,131	14,538	87,317	284,808	392,731
Пайыз есептелетін барлық міндеттеме		**850,157**	**1,343,865**	**2,138,987**	**785,471**	**497,489**	**5,615,969**
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері		96,704	-	-	-	-	96,704
Клиенттердің қаражаты		2,057,147	-	17,681	-	-	2,074,828
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер		-	-	28,700	19,882	1,686	50,268
Басқа қаржылық міндеттемелер:		94,781	-	-	-	-	94,781
Барлық қаржылық міндеттеме		**3,098,789**	**1,343,865**	**2,185,368**	**805,353**	**499,175**	**7,932,550**
Активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		719,945	(907,816)	(1,293,968)	1,397,583	770,074	
Пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		1,337,629	(928,143)	(1,248,978)	1,412,747	771,760	
Өспелі қорытындымен пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		**1,337,629**	**409,486**	**(839,492)**	**573,255**	**1,345,015**	
Активтердің жалпы сомасына пайызбен, өспелі қорытындымен пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		**19.22%**	**5.88%**	**(12.06%)**	**8.24%**	**19.32%**	

2025 жылғы 31 желтоқсан	Орташа өлшенген тиімді %-дық мөлшерлеме	Талап еткенге дейін және 1 айға дейін	1-3 ай	3 ай - 1 жыл	1 жыл- 5 жыл	5 жылдан аса	2025 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
Қаржылық активтер							
Ақша қаражаты және оның баламалары	16.53%	275,642	-	-	-	-	275,642
Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары	9.02%	123,623	-	-	-	-	123,623
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	7.44%	1,273,671	-	-	-	-	1,273,671
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	6.66%	15,502	47,181	109,650	56,649	-	228,982
Банктердегі қаражат	3.58%	-	76,725	76,724	-	-	153,449
Клиенттер мен банктерге берілген несие	19.75%	210,017	250,577	851,103	1,929,879	1,258,743	4,500,319
Пайыз есептелетін барлық актив		**1,898,455**	**374,483**	**1,037,477**	**1,986,528**	**1,258,743**	**6,555,686**
Ақша қаражаты және оның баламалары		1,560,362	-	-	-	-	1,560,362
Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары		21,829	-	-	-	-	21,829
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер		1,531	-	-	-	-	1,531
Банктердегі қаражат		57,825	-	-	-	-	57,825
Алынатын қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер		-	-	940	-	-	940
Өзге қаржылық активтер		29,130	-	20,638	5,267	-	55,035
Барлық қаржылық активтер		**3,569,132**	**374,483**	**1,059,055**	**1,991,795**	**1,258,743**	**8,253,208**
Қаржылық міндеттемелер							
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	6.95%	29,224	13,044	19,810	100,317	95,416	257,811
Клиенттердің қаражаты	12.61%	810,060	1,160,324	2,043,040	406,631	28,698	4,448,753
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	11.29%	-	-	21,336	15,219	73,690	110,245
Басқа қаржылық міндеттемелер:	4.02%	2,032	3,092	14,361	87,290	287,238	394,013
Пайыз есептелетін барлық міндеттеме		**841,316**	**1,176,460**	**2,098,547**	**609,457**	**485,042**	**5,210,822**
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері		142,160	-	-	-	-	142,160
Клиенттердің қаражаты		2,135,694	-	30,569	-	-	2,166,263
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер		-	-	25,769	15,774	144	41,687
Басқа қаржылық міндеттемелер:		79,261	-	-	-	-	79,261
Барлық қаржылық міндеттеме		**3,198,431**	**1,176,460**	**2,154,885**	**625,231**	**485,186**	**7,640,193**
Активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		370,701	(801,977)	(1,095,830)	1,366,564	773,557	
Пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		1,057,139	(801,977)	(1,061,070)	1,377,071	773,701	
Өспелі қорытындымен пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		**1,057,139**	**255,162**	**(805,908)**	**571,163**	**1,344,864**	
Активтердің жалпы сомасына пайызбен, өспелі қорытындымен пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		**15.19%**	**3.67%**	**(11.58%)**	**8.21%**	**19.32%**	

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салымшылар өздерінің мерзімді депозиттерін банктен кез келген сәтте алуға құқылы, бұл ретте көптеген жағдайда олар есептелген пайыздық кірісті алу құқығынан айырылады. Бұл депозиттер шарттарда белгіленген оларды өтеу мерзімдері негізінде ұсынылған.

Дегенмен, Басшылық мерзімінен бұрын алу опциясының болуына және салымдардың айтарлықтай бөлігі талап етуге дейінгі шоттар болып табылатынына қарамастан, осы шоттар мен депозиттерді саны мен салымшылар түрлері бойынша әртараптандыру және Топтың бұрынғы тәжірибесі осы шоттар қаржыландырудың ұзақмерзімді және тұрақты болып табылатынын білдіреді деп есептейді.

Басшылық белгілі бір қаржылық активтер мен міндеттемелерге қатысты ақша ағынының қозғалысы шартта ескерілгеннен басқаша болуы мүмкін деп болжайды, бұл Басшылық ақша қаражаты ағынын басқаруға өкілетті болғандықтан немесе бұрынғы тәжірибе аталған қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша ақша қаражаты ағынының қозғалыс мерзімі шарттарда белгіленген мерзімнен өзгеше болуы мүмкін екенін көрсететіндіктен орын алады

28. КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ

ҚРҰБ Банк капиталының жалпы сатысына қатысты талаптарды белгілейді және олардың орындалуын бақылайды.

Банк капитал ретінде кредиттік ұйымдардың капиталын құрайтын баптар ретіндегі заңнамаға сәйкес анықталған баптарды белгілейді:

- 1-сатыдағы капитал негізгі капитал мен қосымша капитал сомасын білдіреді. Негізгі капитал төлем жасалған меншікті жай акцияларды, материалдық емес активтерді, соған қоса гудвилді, өткен жылдардың залалын және ағымдағы жылдың залалын, шегерілетін уақытша айырмаларға қатысты танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің бөлігін қоспағанда, кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін шегергенде кейінге қалдырылған салық активін, өзге де қайта бағалау бойынша резервтерді, активтерді секьюритилендіру бойынша транзакциялармен байланысты сатудан түскен кірісті, қаржылық міндеттемелер бойынша кредиттік тәуекелдің өзгеруіне байланысты осындай міндеттемелердің әділ құнының өзгеруінен болған кірістерді немесе шығындарды, қосымша капиталдан шегерілуі тиіс, бірақ оның жеткіліксіз сатысына байланысты негізгі капиталдан шегерілетін реттеуші түзетуді және Топтың қаржылық есептілігін құрған кезде қаржылық есептілігі кейбір шектеулермен шоғырландырылатын заңды тұлғалардың қаржы құралдарына инвестицияларды алып тастағанда, төленген жай акциялардың, төленген қосымша капиталдың, ағымдағы жылдың және өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы мен оларға қарсы құрылған резервтердің сомасы ретінде есептеледі. Қосымша капиталға мерзімсіз шарттар және банктің меншікті төленген артықшылықты акциялары енгізіледі, бұл ретте Топтың меншікті мерзімсіз қаржы құралдарына жасалған инвестицияларын түзету, меншікті сатып алынған артықшылықты акциялары, Топтың қаржылық есептілігін құрған кезде қаржылық есептілігі кейбір шектеулермен шоғырландырылмайтын заңды тұлғалардың қаржы құралдарына жасалған инвестициялар және екінші деңгейдегі капиталдан шегерілуі тиіс, бірақ оның жеткіліксіз сатысына байланысты қосымша капиталдан шегерілетін реттеуші түзету шегеріледі.
- 2-сатыдағы капитал банктің шығарылған акцияларының он және одан көп пайызына ие қаржы ұйымдарының реттелген борышына банктің инвестициясын шегергенде, теңгемен көрсетілген реттелген борыш сомасы ретінде есептеледі.

Жалпы капитал 1-сатыдағы капитал мен 2-сатыдағы капитал сомасын білдіреді.

Жалпы капиталдың жоғарыда келтірілген элементтеріне қолданылатын әртүрлі шектеулер қатары мен жіктеу критерийлері бар.

ҚРҰБ белгілеген қолданыстағы талаптарға сәйкес Банк жалпы капиталдың жеткіліктілігі коэффицентін келесі деңгейлерде ұстауы тиіс:

- кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің, операциялық тәуекелдің сомасына қатынасы (k1);
- 1-деңгейдегі капиталдың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің, операциялық тәуекелдің сомасына қатынасы (k1-2);
- жалпы капиталдың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің, операциялық тәуекелдің сомасына қатынасы (к2).

2026 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша Банкке қолданылатын коэффициенттердің ең төмен деңгейі (аудит жүргізілмеген) төмендегідей:

- k1 – кемінде 0.095 (2025 жылғы 31 желтоқсанда: 0.095);
- k1-2 – кемінде 0.105 (2025 жылғы 31 желтоқсанда: 0.105);
- k2 – кемінде 0.12 (2025 жылғы 31 желтоқсанда: 0.12)

2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша Банк k1, k1-2 және k2 капиталдандырудың барлық пруденциялдық нормативтерін орындады, аталған коэффициенттердің нақты мәндері тиісінше 0.185, 0.185 және 0.185 болды (аудит жүргізілмеген) (2025 жылғы 31 желтоқсан: k1 – 0.176, k1-2 – 0.176 және k2 – 0.176).

Бұдан кейін кестеде 2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша Банк капиталының құрамына талдау көрсетілген, ол «Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерін, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2018 жылғы 13 қыркүйектегі №170 қаулысына сәйкес енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып есептелген.

	2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2025 жылғы 31 желтоқсан
1-сатыдағы капитал		
Негізгі капитал:		
Акционерлік капитал	65,648	65,648
Банктің меншікті сатып алынған жай акциялары	(2,389)	(2,389)
Нормативтік талаптарға сәйкес есептелген өткен жылдың бөлінбеген пайдасы	768,517	528,327
Ағымдағы жылдың бөлінбеген пайдасы	106,187	240,190
Өткен жылдың бөлінбеген пайдасының есебінен құрылған резерв	4,981	4,981
Ғимараттарды оң қайта бағалау	-	-
Инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалаудан болған резерв	(30,234)	(27,159)
Реттеуші түзету:		
Материалдық емес активтер	(20,981)	(23,257)
Барлық негізгі капитал	**891,729**	**786,341**
Қосымша капитал:		
Негізгі капитал критерийлеріне сәйкес келмейтін төленген артықшылықты акциялар нысанындағы капитал	11,775	11,775
Банктің меншікті сатып алынған артықшылықты акциялары	(11,686)	(11,686)
1-сатыдағы капитал	**891,818**	**786,430**
2-сатыдағы капитал		
Реттелген борыш	-	-
Барлық 2-сатыдағы капитал	**-**	**-**
Барлық капитал	**891,818**	**786,430**
Нормативпен белгіленген кредиттік залалға бөлінген резерв пен ХҚЕС-ке сәйкес құнсыздануға бөлінген резервтер арасындағы оң айырма	-	-
Тәуекелді есепке ала отырып өлшенген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер және туынды қаржы құралдары және операциялық тәуекел		
Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтер	4,184,603	3,914,384
Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген шартты және ықтимал міндеттемелер	230,688	191,860
Нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал активтер мен міндеттемелер	90,625	106,175
Операциялық тәуекел	311,827	252,835
Тәуекелді есепке ала отырып өлшенген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер және туынды қаржы құралдары және операциялық тәуекел	**4,817,743**	**4,465,254**
k1	**0.185**	**0.176**
k1-2	**0.185**	**0.176**
k2	**0.185**	**0.176**

29. КРЕДИТТІК СИПАТТАҒЫ ШАРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Топтың кредит ресурстарын беру бойынша міндеттемелері бар. Осы міндеттемелер кредит ресурстарын мақұлданған кредит, кредит карталары бойынша лимиттер, сондай-ақ овердрафт түрінде беруді қарастырады.

Топ өз клиенттерінің үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында қаржылық кепілдіктер шығарады және аккредитивтер ашады. Көрсетілген келісімдер міндеттемелердің лимиттерін белгілейді және әдетте олардың қолданыс мерзімі бес жылға дейін болады.

Топ қаржылық кепілдік, баланстан тыс кредиттік міндеттемелер және аккредитивтер берген кезде клиенттерге несие бергенде қолданылатын тәуекелдерді басқару саясаты мен процедурасын қолданады.

Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелердің шарттық сомалары бұдан кейін санаттарға бөлінген кесте түрінде берілген. Кестеде кепілдіктер мен аккредитивтерге қатысты көрсетілген сомалар контрагенттер шарттардың талаптарына сәйкес өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, есепті күнгі жай-күйі бойынша бухгалтерлік залалдың ең жоғары мөлшерін білдіреді.

2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша номиналды сомалар немесе шарттарға сәйкес сомалар және тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген сомалар мыналарды құрады:

	2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)		2025 жылғы 31 желтоқсан	
	Номиналды сома	Тәуекел бойынша орташа сома*	Номиналды сома	Тәуекелді есепке ала отырып алынған сома*
Берілген кепілдіктер және басқа да ұқсас міндеттемелер	256,655	207,643	212,889	170,909
Кредит карталары бойынша міндеттемелер	91,463	18,293	93,009	18,602
Аккредитивтер және басқа операцияларға қатысты басқа шартты міндеттемелер	28,392	5,678	46,038	9,208
	376,510	**231,614**	**351,936**	**198,719**

*Берілген кепілдіктер мен өзге де ұқсас міндеттемелер 49,012 млн теңге (аудит жүргізілмеген) ақшалай қамтамасыз етуді шегергенде көрсетілген (2025 жылғы 31 желтоқсанда: 41,980 млн теңге); номиналды құнының 20% мөлшеріндегі кредит карталары мен аккредитивтер бойынша міндеттемелерді шегере отырып көрсетілген.

Басшылық кредиттер және кредиттік желілер бойынша міндеттемелер өтеу кестесіне сәйкес ағымдағы кредит портфелінің өтелуінен алынған сомалардың есебінен қажетті мөлшерде қаржыландырылады деп күтеді.

2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша 255,322 млн теңге мөлшеріндегі берілген кепілдіктер (аудит жүргізілмеген) және 90,902 млн теңге (аудит жүргізілмеген) мөлшеріндегі кредит карталары бойынша міндеттемелер кредиттік тәуекел деңгейінің 1-сатысына (2025 жылғы 31 желтоқсанда: 211,535 млн теңге және 92,399 млн теңге), 229 млн теңге (аудит жүргізілмеген) мөлшеріндегі кредит карталары бойынша міндеттемелер кредиттік тәуекел деңгейінің 2-сатысына (2025 жылғы 31 желтоқсанда: тиісінше 2 млн теңге және 159 млн теңге), 1,333 млн теңге (аудит жүргізілмеген) және 332 млн теңге (аудит жүргізілмеген) кредиттік тәуекел деңгейінің 3-сатысына (2025 жылғы 31 желтоқсанда: Сәйкесінше 1,352 млн теңге және 451 млн теңге) жатқызылды. 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтің таза ұлғаюы 1,808 млн теңгені (аудит жүргізілмеген) құрады (2025 жылғы 30 маусымда: таза ұлғаю – 1,065 млн теңге).

Төменде көрсетілген кестеде міндеттеменің әділ құнын емес, шығарылған кепілдіктер мен әртүрлі кепіл түрлерімен қамсыздандырылған ұқсас өзге міндеттемелер көрсетілген:

	2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2025 жылғы 31 желтоқсан
Ақша қаражаты	49,012	41,980
Жылжымайтын мүлік	43,502	54,025
Кепілсіз	37,128	26,783
Корпоративтік кепілдіктер	25,905	15,616
Айналымдағы тауарлар	6,524	4,823
Жылжымалы мүлік	3,669	2,356
Басқа	90,915	67,306
Барлығы	**256,655**	**212,889**

Төменде көрсетілген кестеде міндеттеменің әділ құны емес, әртүрлі кепіл түрлерімен қамсыздандырылған аккредитивтер және өзге операцияларға жататын шартты басқа міндеттемелер көрсетілген:

	2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2025 жылғы 31 желтоқсан
Ақша қаражаты	24,835	42,249
Кепілсіз	357	562
Басқа	3,200	3,227
Барлығы	**28,392**	**46,038**

Көрсетілген міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамай-ақ, тоқтатуға болады. Мұның салдарынан жоғарыда көрсетілген міндеттемелер ақша қаражатының күтілген қайтуын қамтымайды.

30. КАСТОДИАНДЫҚ ҚЫЗМЕТ

Топ жеке тұлғаларға, трастілік компанияларға, зейнетақы қорларына және өзге ұйымдарға кастодиандық қызмет көрсетеді, атап айтқанда клиенттің тапсырмасына сәйкес активтерді есепке алады және сақтайды немесе әртүрлі қаржы құралдарымен клиенттердің мәмілелері бойынша есеп айырысуды жүргізеді. Топ осы қызметтерді ұсынғаны үшін комиссиялық сыйақы алады. Кастодиандық сақтау үшін алынған активтер Топтың активтері болып табылмайды және сәйкесінше оның қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есебінде көрсетілмейді. Топ аталған инвестициялар бойынша кепілдіктер бермейтіндіктен аталған қызметті жүзеге асырған кезде кредиттік тәуекелге ұшырамайды.

Фидуциарлық активтер номиналдық құны бойынша келесі санаттарға бөлінеді:

	2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2025 жылғы 31 желтоқсан
Бағалы қағаздар	653,951	424,745
Ғимараттарға, автокөліктерге, жабдыққа, көлікке және басқа меншікке жасалған инвестиция	486	7,151
Инвестициялық қорлардың пайлары	-	54
Барлық фидуциарлық актив	**654,437**	**431,950**

Топ активтерді басқаратын инвестициялық қорлардың және өзге заңды тұлғалардың активтері мен қызмет нәтижелеріне және олардың активтерімен жүргізілетін операцияларға қатысты есеп жүргізеді және есептілік құрады, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және ҚРҰБ ережелеріне сәйкес қызмет көрсетілетін активтерге қатысты басқарушы компаниямен салыстырып тексеру жүргізеді.

31. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

(а) Сақтандыру

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығы әлі даму үстінде, сондықтан басқа елдерде қолданылатын сақтандыру тұрғысында қорғаудың көптеген нысандары Қазақстанда әзірге пайдаланылмайды. Топ ғимараттар мен жабдықтарды, қызметтің уақытша тоқтауын немесе Топтың мүлкін пайдалану нәтижесінде немесе Топтың қызметіне қатысты өзге жағдайларда келтірілген мүліктік немесе экологиялық зиянға байланысты үшінші тұлғалардың жауапкершілігіне қатысты толық көлемде сақтандыру жүргізген жоқ. Топ өз қызметін жеткілікті дәрежеде сақтандырмайынша, келтірілген залал немесе белгілі бір активтердің ысырабының Топтың қызметіне және қаржылық жағдайына теріс ықпал етуінің тәуекелі болады.

(б) Сот талқылауы

Нарықта өзінің әдеттегі қызметін жүргізу процесінде Топ әртүрлі заңдық шағымдарды кездестіреді. Басшылық сот талқылаулары нәтижесінде туындаған міндеттемелерінің соңғы мөлшері (ондайлар болған жағдайда) Топтың қаржылық жағдайына немесе кейінгі қызметіне айтарлықтай теріс ықпал етпейді деп есептейді

(в) Қазақстандағы шартты салықтық міндеттемелер

Қазақстанның салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа болғандықтан, заңнама нормаларының, ресми түсіндірмелер мен сот шешімдерінің жиі өзгеруімен сипатталады, олар көбінесе нақты тұжырымдалмаған және бір-біріне қайшы келеді, бұл әртүрлі салық органдарының оларды әрқалай түсіндіруіне, соның ішінде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес кірістерді, шығыстарды және қаржылық есептіліктің өзге де баптарын есепке алу тәртібіне қатысты әртүрлі пікірлердің туындауына жол береді. Салықтарды есептеудің дұрыстығына қатысты тексерулер мен тергеулерді ірі айыппұлдар салуға және пайыз алуға құқығы бар әртүрлі деңгейдегі реттеуші органдар жүргізеді. Есепті кезеңде салықты есептеу дұрыстығын кейінгі кезектегі бес жыл ішінде тексеруге болады, алайда белгілі бір жағдайларда, бұл мерзімді ұзартуға болады.

Осы жағдайлар Қазақстандағы салық тәуекелдерінің басқа елдермен салыстырғанда едәуір жоғары болуына әкелуі мүмкін. Топтың басшылығы қолданылатын салық заңнамасы, нормативтік талаптар мен сот шешімдері туралы өз түсінігіне сүйене отырып, салық міндеттемелері толық шамада көрсетілген деп есептейді. Дегенмен, бұл қағиданы сәйкес органдар басқаша түсінуі мүмкін, егер олар өз позициясының дұрыстығын дәлелдей алса, бұл осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай ықпал ете алады.

32. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕПТІК ЖІКТЕУЛЕР

(а) Есептік жіктеулер және әділ құн

Төмендегі кестеде 2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің баланстық және әділ құны көрсетілген (аудит жүргізілмеген):

	Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын	Барлық баланстық құны	Әділ құны
Ақша қаражаты және оның баламалары	-	-	1,947,226	1,947,226	1,947,226
Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары	158,685	-	-	158,685	158,685
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	-	1,305,701	-	1,305,701	1,305,701
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	-	-	197,524	197,524	194,067
Банктердегі қаражат	-	-	161,024	161,024	161,024
Клиенттер мен банктерге берілген несие	-	-	4,801,829	4,801,829	4,769,744
Алынатын қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	-	-	1,391	1,391	1,391
Өзге қаржылық активтер	-	-	44,988	44,988	44,988
	158,685	**1,305,701**	**7,153,982**	**8,618,368**	**8,582,826**
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	-	-	414,069	414,069	414,069
Клиенттердің қаражаты	81,349	-	6,689,046	6,770,395	6,788,961
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	-	210,306	210,306	207,952
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	-	-	50,268	50,268	50,268
Басқа қаржылық міндеттемелер:	-	-	487,512	487,512	487,512
	81,349	**-**	**7,851,201**	**7,932,550**	**7,948,762**

Бұдан кейін келесі кесте 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің баланстық және әділ құнын көрсетеді:

	Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын	Барлық баланстық құны	Әділ құны
Ақша қаражаты және оның баламалары	-	-	1,836,004	1,836,004	1,836,004
Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары	145,452	-	-	145,452	145,452
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	-	1,275,202	-	1,275,202	1,275,202
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	-	-	228,982	228,982	228,993
Банктердегі қаражат	-	-	211,274	211,274	211,274
Клиенттер мен банктерге берілген несие	-	-	4,500,319	4,500,319	4,499,956
Алынатын қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	-	-	940	940	940
Өзге қаржылық активтер	-	-	55,035	55,035	55,035
	145,452	**1,275,202**	**6,832,554**	**8,253,208**	**8,252,856**
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	-	-	399,971	399,971	399,971
Клиенттердің қаражаты	75,850	-	6,539,166	6,615,016	6,613,749
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	-	110,245	110,245	109,262
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	-	-	41,687	41,687	41,687
Басқа қаржылық міндеттемелер:	-	-	473,454	473,454	473,454
	75,850	-	**7,564,523**	**7,640,373**	**7,638,123**

Әділ құнды бағалау активті сатудан алынған немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында ұйымдастырылған нарықта жүргізілетін операцияның талаптарында міндеттемелерін берген кезде төленген белгілі бір бағаға бағытталған.

Дегенмен тұрлаусыздық факторын, сондай-ақ қолданылатын пайымдардың субъективтілігін назарға ала отырып, әділ құн активтер тез арада іске асырылатын, ал міндеттемелер реттелетін құн ретінде қарастырылмауы тиіс.

Белсенді нарық айналымындағы қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің әділ құны нарықтық баға белгілеуге немесе дилерлік бағаларға негізделеді. Топтың өзге барлық қаржы құралдарының әділ құнын Топ басқа бағалау әдістерін пайдалана отырып, белгілейді.

Бағалау әдістерінің мақсаты бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында активті сату немесе міндеттемелерді беру бойынша ұйымдастырылған нарықта жүргізілетін операция өткізілетін бағаны көрсететін әділ құнды бағалау тәсіліне жету болып табылады.

Бағалау әдістеріне осы сәтке келтірілген таза құнды бағалау, ақша қаражатының ағымын дисконттау және оған қатысты нарықтық баға белгілеулер мәлім болатын ұқсас құралдармен салыстыру модельдері кіреді. Бағалау үшін пайдаланылатын пайымдар мен деректерге тәуекелсіз және базалық сыйақы мөлшерлемесі кредиттік спрэдтер және дисконттау мөлшерлемесін бағалау үшін пайдаланылатын өзге де түзету, акциялар мен облигацияларға баға белгілеу және валюта бағамдары жатады. Бағалау әдістері нарыққа тәуелсіз қатысушылар белгілеген есепті күнгі жай-күйі бойынша қаржы құралының бағасын көрсететін әділ құнды анықтауға бағытталған.

Топ тек жалпыға қолжетімді нарықтық деректерді пайдаланатын және пайымдарды немесе басшылықтың бағалауын талап етпейтін пайыздық және валюталық своптар сияқты стандарт және қарапайым қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін кең танылған бағалау модельдерін пайдаланады. Модельдерге арналған бақыланатын түзету мен шығыс деректер әдетте нарық айналымындағы борыштық және үлестік бағалы қағаздар, биржа айналымындағы туынды құралдар, сондай-ақ пайыздық своптар сияқты биржадан тыс қарапайым туынды қаржы құралдары үшін нарықта қолжетімді.

Күрделірек құралдар үшін Топ өзінің жеке бағалау модельдерін пайдаланады. Осы модельдерде пайдаланылатын кейбір немесе маңызды барлық деректер жалпыға қолжетімді нарықтық деректер болмауы мүмкін және нарықтық түзетуден немесе мөлшерлемелерден туындайды немесе пайымдаулар негізінде құрылған баға болып табылады. Бағалау бақыланбайтын нарықтық деректерге негізделген құралдардың мысалы ретінде кейбір несиелер мен белсенді нарық болмаған бағалы қағаздар бола алады.

Келесі жорамалдарды басшылық қаржы құралдарының әділ құнын бағалау үшін пайдаланады:

- корпоративтік клиенттерге берілген несие және бөлшек клиенттерге берілген, АҚШ долларымен және теңгемен көрсетілген кредиттер бойынша болашақ ақша ағынын дисконттау үшін тиісінше жылдық 7.2%-22.7% және 23.6%-36.8% дисконттау мөлшерлемелері (аудит жүргізілмеген) қолданылды (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша: тиісінше жылдық 7.1%-24.5% және 22.1%-34.2%);
- «7-20-25» ипотекалық тұрғын үйді кредит беру бағдарламасы шеңберінде берілген қарыз бойынша болашақ ақша ағынын дисконттау үшін жылдық 7.0%-дан 14.6%-ға дейінгі дисконттау мөлшерлемелері (аудит жүргізілмеген) қолданылды (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша: жылдық 7.0%-дан 14.6%-ға дейін). Топ осы мемлекеттік бағдарлама үшін нарықтың жеке сегменті бар деген жорамалды негізге ала отырып, болашақ ақша ағынын дисконттау үшін номиналды мөлшерлемелерді қолданады;
- АҚШ долларымен және теңгемен көрсетілген корпоративтік және бөлшек клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері бойынша болжамды болашақ ақша ағынын есептеу үшін тиісінше жылдық 2.6%-16.2% және 0.9%-14.7% дисконттау мөлшерлемелері (аудит жүргізілмеген) қолданылды (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша: тиісінше жылдық 2.3%-16.8% және 0.9%-14.7%).
- баға белгілейтін нарықтық құн шығарылған қарыздық бағалы қағаздардың әділ құнын анықтау үшін пайдаланылады.

Әділ құнды бағалау құнды нақты анықтауға бағытталған, ол бойынша қаржы құралы жақсы хабарландырылған, мұндай мәмілені жасауды шын мәнінде қалайтын, бір-бірінен тәуелсіз тараптар арасында айырбасталуы мүмкін. Дегенмен, тұрлаусыздық факторын, сондай-ақ пайдаланылатын пайымдардың субъективтілігін назарға ала отырып, әділ құн активтер тез арада іске асырылатын, ал міндеттемелер өтелетін құн ретінде қаралмауы тиіс.

(б) Әділ құнды бағалау иерархиясы

Топ қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есепте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнын бағалайды, ол үшін көрсетілген бағалауды құрған кезде пайдаланылатын нақты деректерді есепке алатын келесі әділ құнды бағалау иерархиясын пайдаланады:

- 1-саты: Бірдей қаржы құралдарына қатысты актив нарығында белгіленетін бағалар (түзетілмеген).
- 2-саты: Тікелей (яғни баға белгілеу) немесе жанама (яғни баға белгілеуден туындайтын деректер) қолжетімді нарықтық деректерге негізделген бағалау әдістері. Бұл санатқа келесілерді пайдалана отырып бағаланатын құралдар енеді: ұқсас құралдарға арналған белсенді нарықта нарықтық баға белгілеу, белсенді нарық ретінде қаралмайтын нарықта бірдей немесе ұқсас құралдарға арналған нарықтық баға белгілеу немесе барлық пайдаланылатын деректер бақыланатын нарықтық деректерге тікелей немесе жанама негізделетін басқа да бағалау.
- 3-саты: Бақыланбайтын нарықтық деректерге негізделген бағалау әдістері. Бұл санатқа бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген ақпаратты пайдалана отырып бағаланатын құралдар енеді, бұл ретте мұндай бақыланбайтын деректер құралды бағалауға маңызды әсер етеді. Бұл санатқа құралдар арасындағы айырманы көрсету үшін маңызды бақыланбайтын баға белгілеуді немесе пайымдауларды пайдалану талап етілетін ұқсас құралдарға арналған, баға белгілеуге негізделген құралдар кіреді.

2026 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

Төмендегі кестеде 2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша (аудит жүргізілмеген) әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы құралдарының әділ құн иерархиясының сатылары бөлінісіндегі талдауы ұсынылған.

	1-саты	2-саты	3-саты	Барлығы
Активтер				
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес қаржы құралдары - борыштық бағалы қағаздар	45,595	95,860	-	141,455
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес қаржы құралдары - үлестік бағалы қағаздар	6,360	9,640	-	16,000
Кезең ішіндегі өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері – валюталық своп	-	1,230	-	1,230
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер – борыштық қаржы құралдары	688,225	614,484	2,369	1,305,078
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер – қаржы құралдары	269	354	-	623
	740,449	**721,568**	**2,369**	**1,464,386**
Міндеттемелер				
Клиенттердің қаражаты	81,349	-	-	81,349

Бұдан кейін кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша әділ құнын көрсететін қаржы құралдарының әділ құнның иерархия сатылары бойынша талдауы берілген:

	1-саты	2-саты	3-саты	Барлығы
Активтер				
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес қаржы құралдары – борыштық бағалы қағаздар	35,301	88,322	-	123,623
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес қаржы құралдары – үлестік бағалы қағаздар	8,744	7,587	-	16,331
Кезең ішіндегі өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері – валюталық своп	-	5,498	-	5,498
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер – борыштық қаржы құралдары	629,104	639,648	4,919	1,273,671
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер – қаржы құралдары	1,161	370	-	1,531
	674,310	**741,425**	**4,919**	**1,420,654**
Міндеттемелер				
Клиенттердің қаражаты	75,850	-	-	75,850

Келесі кестеде 2026 және 2025 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін әділ құн иерархиясының 3-сатысына жатқызылған әділ құнды бағалауға қатысты салыстырып тексеру ұсынылған:

	2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша (аудит жүргізілмеген)	2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша (аудит жүргізілмеген)
Кезең басындағы қалдық	4,919	8,302
Таза пайыздық кіріс	28	123
Алынған пайыздар	(46)	(23)
Өтеу	(2,363)	(4,131)
Әділ құнның өзгеруінен болған таза кіріс	(169)	738
Кезең соңындағы қалдық	**2,369**	**5,009**

Келесі кестеде Топ өзге де ауыспалы көрсеткіштер өзгеріссіз қалады деген жорамалды негізге ала отырып, есепті күнгі жай-күйі бойынша негізделген түрде мүмкін деп есептейтін, бақыланбайтын деректердегі өзгерістерге сезімталдықты талдаумен қатар, 2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша әділ құн сатысының 3-сатысына жатқызылған таза активтердің әділ құнын бағалау үшін жыл соңындағы жай-күйі бойынша пайдаланылған маңызды бақыланбайтын бастапқы деректер туралы ақпарат көрсетілген.

	Қаржы активтерінің әділ құны	Бағалау әдісі	Маңызды бақыланбайтын деректер	Негізделген ауытқу	Әділ құнның бақыланбайтын деректерге сезімталдығын талдау
2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	5,009	Бағалы қағаздар деректер базасының қолма-қол баға әдісі	Сұраныс пен ұсыныс арасындағы спредтер	+/-10.0%	501

	Қаржы активтерінің әділ құны	Бағалау әдісі	Маңызды бақыланбайтын деректер	Негізделген ауытқу	Әділ құнның бақыланбайтын деректерге сезімталдығын талдау
2025 жылғы 31 желтоқсан	4,919	Бағалы қағаздар деректер базасының қолма-қол баға әдісі	Сұраныс пен ұсыныс арасындағы спредтер	+/-10.0%	492

Бастапқы танылған кезде бақыланбайтын бағалау мәндері арасындағы айырма

Көп жағдайларда бағалау әдістері негізделетін барлық нақты шығыс деректер, мысалы, валюталық нарықтағы ұқсас мәмілелер бойынша ақпаратқа сүйеніп, толығымен қолжетімді болып табылады. Барлық шығыс деректер бақыланатын болып табылмайтын жағдайда, мысалы, есепті күнгі жай-күйі бойынша тәуекелдің ұқсас сипаттамаларымен бақыланатын мәмілелер болмауына байланысты, Топ тек бақыланбайтын шығыс деректерге негізделетін бағалау әдістерін пайдаланады, мысалы, қаржы құралдарының негізінде жатқан құбылмалылықтар, мәміленің қолданыс мерзімі аяқталатын кезеңге қатысты күтулер. Егер бастапқы танылған кезде әділ құн белсенді нарықтағы баға белгілеулерімен расталмаса немесе тек бақыланатын шығыс деректер пайдаланылатын бағалау әдістеріне сүйенбесе, бастапқы танылған кездегі әділ құн мен мәміле бағасының арасындағы кез келген айырма тез арада пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілмейді, болашақтағы кезеңдерге тасымалданады.

Топ өзінің әділ құнды бағалауын барабар деп есептейтініне қарамастан, әртүрлі әдістерді және пайымдарды пайдалану әділ құнды әртүрлі бағалауға әкелуі мүмкін.

Келесі кестеде 2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша (аудит жүргізілмеген) әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы құралдарының әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясының сатылары бөлінісіндегі талдауы ұсынылған:

	2-саты	3-саты	Барлық әділ құны	Барлық баланстық құны
Активтер				
Ақша қаражаты және оның баламалары	1,947,226	-	1,947,226	1,947,226
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	194,067	-	194,067	197,524
Банктердегі қаражат	161,024	-	161,024	161,024
Клиенттер мен банктерге берілген несие	4,688,944	80,800	4,769,744	4,801,829
Алынатын қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	1,391	-	1,391	1,391
Өзге қаржылық активтер	44,988	-	44,988	44,988
Міндеттемелер				
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	414,069	-	414,069	414,069
Клиенттердің қаражаты	6,707,612	-	6,707,612	6,689,046
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	207,952	-	207,952	210,306
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	50,268	-	50,268	50,268
Басқа қаржылық міндеттемелер:	487,512	-	487,512	487,512

Келесі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша әділ құнға қатысты бағаланбайтын қаржы құралдарының әділ құнды бағалау жаткызылатын әділ құнның иерархиясының сатылары бойынша талдауы берілген

	2-саты	3-саты	Барлық әділ құны	Барлық баланстық құны
Активтер				
Ақша қаражаты және оның баламалары	1,836,004	-	1,836,004	1,836,004
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	228,993	-	228,993	228,982
Банктердегі қаражат	211,274	-	211,274	211,274
Клиенттер мен банктерге берілген несие	4,434,275	65,681	4,499,956	4,500,319
	940	-	940	940
Өзге қаржылық активтер	55,035	-	55,035	55,035
Міндеттемелер				
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	399,971	-	399,971	399,971
Клиенттердің қаражаты	6,537,899	-	6,537,899	6,539,166
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	109,262	-	109,262	110,245
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	41,687	-	41,687	41,687
Басқа қаржылық міндеттемелер:	473,454	-	473,454	473,454

33. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАР

Байсеитов Б. Р. мырза Топқа түпкілікті бақылау жасайды.

Әрбір ықтимал байланысты тарапты қарастырған кезде, олардың заңды нысанына ғана емес, қарым-қатынастардың мәніне де ерекше көңіл бөлінеді. Банк пен Банктің байланысты тараптары болып табылатын еншілес компаниялар арасындағы операциялар шоғырландыру кезінде алынып тасталады және осы ескертпеде көрсетілмейді. Топтың байланысты тараптармен жүргізетін операциялары туралы ақпарат төменде берілген:

	2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)		2025 жылғы 31 желтоқсан	
	Байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар	Орташа тиімді номиналды пайыздық мөлшерлеме	Байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар	Орташа тиімді номиналды пайыздық мөлшерлеме
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер, брутто	**92**	**-**	**1,014**	**-**
- Топтың басқарушы тірек қызметкерлері				
- *теңгемен*	90	16.67%	87	17.39%
- басқарушы тірек қызметкерлердің жақын туыстары				
- *теңгемен*	2	0.00%	21	3.00%
- ортақ бақылаудағы кәсіпорындар				
- *теңгемен*	-	-	906	18.57%
Клиенттер мен банктерге берілген несиелердің құнсыздануына бөлінген резерв	**(1)**	**-**	**-**	**-**
- Топтың басқарушы тірек қызметкерлері	-	-	-	-
- ортақ бақылаудағы кәсіпорындар	(1)	-	-	-
Клиенттердің қаражаты	**11,879**	**-**	**5,866**	**-**
- Топтың басқарушы тірек қызметкерлері				
- *теңгемен*	3,887	14.35%	2,146	14.86%
- *АҚШ долларымен*	814	0.78%	1,032	0.72%
- *өзге валюталарда*	1,051	0.14%	979	0.07%
- басқарушы тірек қызметкерлердің жақын туыстары				
- *теңгемен*	1,420	14.32%	464	9.53%
- *АҚШ долларымен*	523	0.78%	308	0.48%
- *өзге валюталарда*	49	0.00%	34	0.01%
- басқа				
- *теңгемен*	1,957	14.48%	887	14.01%
- *АҚШ долларымен*	2,176	0.74%	-	-
- *өзге валюталарда*	2	0.10%	16	0.00%

Қамсыздандырылған және қамсыздандырылмаған несиелер мен кепілдіктер басқарушы тірек қызметкерлерге және өзге байланысты тараптарға әдеттегі қызмет барысында беріледі. Бұл несиелер негізінде пайыздық мөлшерлемелерді қоспағанда, осындай жағдайдағы тұлғалармен немесе, егер қолданылатын болса, басқа компаниялармен және қызметкерлермен басқа осындай мәмілелерді жасағанда қолданылатын талаптармен беріледі. Осы несиелер әдеттегіден тыс кредиттік тәуекелге ұшыраған жоқ және басқа жағымсыз жағдайлар тудырған жоқ.

Басқарушы тірек қызметкердің және басқа байланысты тараптардың депозиттеріне нарықта ұсынылатын мөлшерлемелер немесе Топтың ішіндегі басқа қызметкерлерге қойылатын талаптар бойынша пайыз есептеледі.

2026 және 2025 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін пайда мен залал туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есепте байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша туындаған мынадай сомалар көрсетілді:

	2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай (аудит жүргізілмеген)	2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай (аудит жүргізілмеген)
Пайыздық кіріс	**8**	**132**
- Топтың басқарушы тірек қызметкерлері	-	7
- ортақ бақылаудағы кәсіпорындар	8	125
Пайыздық шығыс	**(321)**	**(252)**
- Топтың басқарушы тірек қызметкерлері	(171)	(104)
- басқарушы тірек қызметкерлердің жақын туыстары	(67)	(55)
- басқа	(83)	(93)
Клиенттер мен банктерге берілген несиелердің болжамды құнсыздануына бөлінген резервті құру	**-**	**(953)**
- Топтың басқарушы тірек қызметкерлері	-	(1)
- ортақ бақылаудағы кәсіпорындар	-	(952)
Операциялық шығыс	**(3,276)**	**(1,815)**
- Топтың басқарушы тірек қызметкерлері	(3,276)	(1,815)

2026 және 2025 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін негізгі басқарушы персоналға сыйақы қысқамерзімді сыйақылар түрінде ұсынылған. 2026 және 2025 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасына берілген сыйақылардың жалпы сомасы тиісінше 2,021 млн теңгені және 1,483 млн теңгені (аудит жүргізілмеген) құрады.

34. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2026 жылғы шілде және тамыз айларында «BCC-HUB» ЖШС-ның жарғылық капиталы Банк Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес ақша қаражатын енгізу арқылы 3,846 млн теңгеге ұлғайтылды.

2026 жылғы 15 шілдеде ҚНРДА «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың еншілес компаниясы «BCC Leasing» акционерлік қоғамының жарияланған акцияларын мемлекеттік тіркеуден өткізді, соның нәтижесінде номиналды құны бір жай акция үшін 1,000 теңге болатын бір миллиард жай акция тіркелді.

2026 жылғы шілде және тамыз айларында Банк «BCC ODEPT» ЖШС еншілес компаниясының жарғылық капиталын 350 млн теңге мөлшерінде қалыптастырды.

2026 жылғы тамызда «BCC Invest» АҚ-тың жарғылық капиталы Банк Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес бір акция үшін 4.56 теңге бағамен 1,095,314,617 жай акцияны сатып алу арқылы 4,995 млн теңгеге ұлғайтылды.

2026 жылғы қыркүйекте «BCC Project» ЖШС-ның жарғылық капиталы Банк Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес жылжымайтын мүлікті беру арқылы 18,087 млн теңгеге ұлғайтылды.